әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық
факультетінің жылу физикасы және техникалық
физика кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

«ЖЫЛУЭНЕРГЕТИКАСЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН «ЖЭС ҚАЗАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖАНУ КАМЕРАЛАРЫНДАҒЫ ЖЫЛУМАССА ТАСЫМАЛЫ ПРОЦЕСТЕРІН 3D МОДЕЛЬДЕУ» ПӘНІНЕН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Әлемдегі энергия қорының қанша пайызын ЖЭС-ы өндіреді?

- A) 10%;
- B) 20%;
- C) 30%;
- D) 40%;
- E) 50%.

2. Күлділігі жоғары көмірдің құрамындағы күлдің пайыздық мөлшері:

- A) 10-20%;
- B) 20-30%;
- C) 30-40%;
- D) 40-50%;
- E) 50-60%.

3. Ылғалдылығы жоғары көмірдің құрамындағы ылғалдың пайыздық мөлшері:

- A) 10-20%;
- B) 20-30%;
- C) 30-40%;
- D) 40-50%;
- E) 50-60%.

4. Өздігінен тұрақты түрде өтетін және кеңістікте таралатын отын мен

тотықтырғыш молекулаларының реакция өнімдері молекулаларына ауысуының физика-химиялық процесі:

- A) Катализ;
- B) Ыдырау;
- C) Жану;
- D) Суыну;
- E) Жылу алмасу.

5. Суық немесе ыстық күйдегі шаң-көмірлі қазандықтарда жану процесін орнықтыру үшін әлем бойынша жұмсалатын мазут мөлшері:

- A) Жылына 50 млн. тонна;
- B) Айына 10 млн. тонна;
- C) Күніне 2 млн. тонна;
- D) Маусымына 15 млн. тонна;
- E) Күніне 13 млн. тонна.

6. Жағылатын отын мен тотықтырғыштың агрегаттық күйі газ тәрізді болатын жану процесінің түрі:

- A) Гетерогенді;
- B) Гомогенді;
- C) Диффузиялық;
- D) Кинетикалық;
- E) Жылуөткізгіштік.



7. Жағылатын отын мен тотықтырғыштың агрегаттық күйі әр түрлі болатын жану процесінің түрі:

- A) Гетерогенді;
- B) Экзотермиялық;
- C) Диффузиялық;
- D) Кинетикалық;
- E) Гомогенді.

8. $aA + bB = gM + \delta N + Q$ теңдеуіндегі a , b , g , d стехиометриялық коэффициенттерінің түрі:

- A) Массалық;
- B) Мольдік;
- C) Қысымдық;
- D) Температуралық;
- E) Көлемдік.

9. a , b , g , d коэффициенттерінің мәні:

A) Реакцияға қатысатын компоненттің зат мөлшерін көрсетеді;

B) Реакцияға қатысатын отынның мөлшерін білдіреді;

C) Реакцияласушы компоненттердің массасын білдіреді;

D) Экзотермиялық реакция компоненттерін білдіреді;

E) Реакцияға дейінгі зат мөлшерін көрсетеді.

10. 1 кг отынның жануына қажетті тотықтырғыштың мөлшерін сипаттайтын стехиометрия коэффициенті:

- A) Массалық;
- B) Мольдік;
- C) Қысымдық;
- D) Температуралық;
- E) Көлемдік.

11. Стехиометрия шартының анықтамасы:

A) Отын мен тотықтырғыш қалдықсыз әсерлесетін болса;

B) Отынның мөлшері тотықтырғыштан үлкен болса;

C) Отын мен тотықтырғыш диффузиялық әсерлесетін болса;

D) Химиялық тепе-теңдік орнамаған жағдайда;

E) Кері және тура реакциялар бір нүктеде теңеспегенде.

12. $\frac{n_A}{\alpha} = \frac{n_B}{\beta}$ өрнегі нені сипаттайды?

A) Мольдік концентрациялар үшін стехиометрия шартын;

B) Массалық концентрациялар үшін стехиометрия шартын;

C) Көлемдік концентрациялар үшін стехиометрия шартын;

D) Химиялық тепе-теңдік шартын;

E) Массаның сақталу заңын.

13. Әсерлесетін массалар заңы бойынша егер газ немесе өзге реакциялық жүйеде бастапқы заттар мен жану өнімдерінің арасында тура реакциямен қоса кері реакция да мүмкін болатын болса, онда жеткілікті уақыт аралығында барлық әсерлесетін заттар арасында тепе-теңдік орнайды. Бұл заңның атауы:

A) Химиялық тепе-теңдік;

B) Мольдік тепе-теңдік;

C) Массалық тепе-теңдік;

D) Сандық тепе-теңдік;

E) Шартты тепе-теңдік.

14. Сұйық отындарды жағудың кең тараған әдісі:

A) Сұйылтып жағу;

B) Қайнаған қабатта жағу;

C) Бүркіп жағу;

D) Сутегімен араластырып жағу;

E) Мазутпен тұтатып жағу.



15. Тамшының булануының жылулық баланс теңдеуін көрсетіңіз:

- A) $qFdt = -[c_{жс}(T_k - T_0) + \lambda m]dV$;
- B) $qFdt = \rho[c_{жс}(T_k - T_0) + \lambda m]dV$;
- C) $qt = -\rho[c_{жс}(T_k - T_0) + \lambda m]dV$;
- D) $qFdt = -\rho[c_{жс}(T_k - T_0) + \lambda m]dV$;
- E) $qdt = \rho[c_{жс}(T_k - T_0) + \lambda m]dV$.

16. Жану облысында сұйық буының жану жылдамдығы мен сұйықтың булану жылдамдығының теңдігі шарты орындалады:

- A) $[c_{жс}(T_k - T_0) + r_m] \cdot u_m = \lambda \frac{T_{max} - T_k}{d} + q_r$;
- B) $[c_{жс}(T_k - T_0) + r_m] \cdot u_m = \frac{T_{max} - T_k}{d} + q_r$;
- C) $[c_{жс}(T_k - T_0) + r_m] \cdot u_m = \lambda \frac{T_{max} - T_k}{d}$;
- D) $[c_{жс}(T_k - T_0) + r_m] \cdot u_m = \lambda \frac{T_{max}}{d} + q_r$;
- E) $[c_{жс}(T_k + T_0) + r_m] \cdot u_m = \lambda \frac{T_{max} - T_k}{d} + q_r$.

17. Сұйық отындардың жану механизміндегі отын-ауалы қоспаның тұтануынан кейінгі кезең қалай аталады?

A) Сұйық бетінің маңында отын-ауалы қоспаның жануы;

B) Жалыннан келетін жылу есебінен булану жылдамдығының артуы;

C) Ұшқынның (немесе өзге қорек көзінің) түзілуі;

D) Жалынның алдын ала араласуы;

E) Барлық реагенттердің жану процесіне дейін мұқият араласуы.

18. Отто циклы қандай қозғалтқыштарда жүзеге асырылады?

- A) Бензиндік;
- B) Дизельдік;
- C) Мазуттық;
- D) Көмірлік;
- E) Антрацитті.

19. Отто циклында жұмысшы дене ретінде қолданылады:

- A) Ауа;
- B) Мазут;
- C) Керосин;
- D) Гелий;
- E) Көмір.

20. Дизель циклымен жұмыс жасайтын қозғалтқыштардағы сығылу дәрежесі:

- A) $\varepsilon = 10 \div 11$;
- B) $\varepsilon = 12 \div 13$;
- C) $\varepsilon = 13 \div 14$;
- D) $\varepsilon = 15 \div 16$;
- E) $\varepsilon = 17 \div 18$.

21. Дизельдік форсуналардан шығатын тамшылардың орташа Саутер диаметрін есептеу үшін өрнек:

- A) $d_{32} = 2330 \cdot \rho_L^{0,122} \cdot V_B^{0,145} \cdot \Delta p_B^{-0,135}$;
- B) $d_{32} = 1330 \cdot \rho_L^{0,121} \cdot V_B^{0,131} \cdot \Delta p_B^{-0,135}$;
- C) $d_{32} = 2430 \cdot \rho_L^{0,121} \cdot V_B^{0,131} \cdot 5 \Delta p_B^{-0,135}$;
- D) $d_{32} = 2330 \cdot \rho_L^{0,121} \cdot V_B^{0,131} \cdot \Delta p_B^{-0,135}$;
- E) $d_{32} = 2330 \cdot \rho_L^{0,5} \cdot V_B^{0,1} \cdot \Delta p_B^{-0,6}$.

22. Тамшылардың орташа Саутер диаметрі дегеніміз:

A) Тамшы көлемдерінің олардың тығыздықтарына қатынасы барша бүркілетін отынмен парапар болмайтын тамшылардың диаметрі;

B) Тамшы температурасының олардың беттеріне қатынасы барша бүркілетін отынмен парапар болатын тамшылардың диаметрі;

C) Тамшы диаметрлерінің олардың бүрку ауданына қатынасы барша бүркілетін отынмен парапар болмайтын тамшылардың диаметрі;



D) Тамшы көлемдерінің олардың беттеріне қатынасы барша бүркілетін отынмен парапар болатын тамшылардың диаметрі;

E) Тамшы массаларының олардың тығыздықтарына қатынасы барша бүркілетін отынмен парапар болатын тамшылардың диаметрі.

23. Елімізде және ТМД елдерінде төменгі сұрыпты көмірді өндіру әдісі:

- A) Шахталы;
- B) Гидравликалық;
- C) Сұйылту;
- D) Ашық;
- E) Жабық.

24. Төменгі сұрыпты көмірдің күлділік деңгейі:

- A) 25%;
- B) 20%;
- C) 30%;
- D) 40%;
- E) 45%.

25. Жоғары сұрыпты көмірдің күлділік деңгейі:

- A) 25%;
- B) 20%;
- C) 30%;
- D) 40%;
- E) 45%.

Сұрақ №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
Жауабы	D	D	C	C	A	B	A	D	A	A	A	A	A	C	D	A	A	A	A	D	D	D	D	D	A



Данлыбаева А.К.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының аға оқытушысы, ф.-м.ғ.к.

Нурмуханова А.З.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

Құйкабаева А.А.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

«МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА» ПӘНІ БОЙЫНША «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Идеал газдың дұрыс анықтамасын көрсетіңіз:

А) Молекулалар арасындағы тартылыс күші молекула арақашықтығына кері пропорционал абсолютті қатты сфералар;

В) Молекулалары өзара әрекеттеспейтін еркін қозғалатын материалдық нүктелер деп қарастырылатын газды айтады;

С) Молекулалар арасындағы тартылыс күші молекула арақашықтығына кері пропорционал материалдық нүктелер;

Д) Молекулалары өзара әрекеттеспейтін қатты сфералар;

Е) Молекулалары өзара әрекеттеспейтін материалдық нүктелер соқтығысу кезінде серпімді шарлар сияқты соқтығысады.

2. СИ жүйесіндегі көлемнің өлшем бірлігін көрсетіңіз:

А) $\dim V = L^3$;

В) $\dim \rho = L^3 N$;

С) $\dim \nu = N\Theta$;

Д) $\dim V = L^{-3}$;

Е) $\dim \nu = L$.

3. Термодинамиканың бірінші бастамасының (изотермдік) процеске қолданылуын көрсетіңіз:

А) $T = \text{const} \quad dQ = dA$;

В) $V = \text{const} \quad TdS = -dU + \rho dV$;

С) $dQ = 0 \quad dU = -dA$;

Д) $V = \text{const} \quad \delta Q = dS - \rho dV$;

Е) $V = \text{const} \quad dU = \rho dV - TdS$.

4. Төмендегілердің қайсысы күй функциясына жатады?

А) Конвекция;

В) Жылу мөлшері;

С) Ішкі энергия;

Д) Жұмыс;

Е) Тұтқырлық.

5. Дұрыс өрнекті көрсетіңіз:

А) $p = nkT$;

В) $p = NkT$;

С) $p = NRT$;

Д) $p = nT$;

Е) $p = nRT$.

6. Заттың мольдік жылусиымдылығы деп ...

А) Көлем бірлігінің температура-сын бір градусқа (1°C) өзгерту үшін берілетін жылу мөлшерін атайды;



В) Заттың бір моіінің температурасын бір кельвинге ($1K$) өзгерту үшін затқа берілетін немесе одан алынатын жылу мөлшерін айтады;

С) Заттың кез келген массасына берілген жылу мөлшерін айтады;

Д) Масса бірлігіне келетін жылу мөлшерін атайды;

Е) Температурасын бір градусқа өзгерту үшін заттың бірлік массасына берілетін немесе одан алынатын жылу мөлшерін айтады.

7. Заттың меншікті жылусиымдылығы деп ...

А) Массасы кез келген затқа берілетін жылу мөлшерін айтады;

В) Заттың бірлік массасының температурасын бір кельвинге ($1K$) өзгерту үшін затқа берілетін немесе одан алынатын жылу мөлшерін айтады;

С) Заттың бір моіінің температурасын бір градусқа ($1^{\circ}C$) өзгерту үшін қажет жылу мөлшерін атайды;

Д) Заттың берілген массасының температурасын бір градусқа ($1^{\circ}C$) өзгерту үшін қажет жылу мөлшерін атайды;

Е) Көлем бірлігіне берілген жылу мөлшерін атайды.

8. Изобаралық процестегі үш атомды идеал газдың мольдік жылусиымдылығы неге тең?

А) $C_p = 2R$;

В) $C_p = 4R$;

С) $C_p = 3R$;

Д) $C_p = \frac{7}{2}R$;

Е) $C_p = \frac{5}{2}R$.

9. Тасымалдау коэффициенті жылуөткізгіштік коэффициентінің қысымға тәуелділігі қандай?

А) Жылуөткізгіштік коэффициенті өте жоғары емес қысымда, қысымға кері пропорционал;

В) Тұтқырлық коэффициенті өте жоғары емес қысымда, қысымға тура пропорционал;

С) Жылуөткізгіштік коэффициенті өте жоғары емес қысымда, қысымға кері пропорционал;

Д) Жылуөткізгіштік коэффициенті өте жоғары емес қысымда, қысымға тәуелді емес;

Е) Тұтқырлық коэффициенті өте жоғары емес қысымда, қысымға кері пропорционал.

10. Идеал газдың тығыздығы келесі формулалардың қайсысымен есептелінеді?

А) $p = \frac{\rho M}{RT}$;

В) $p = \frac{nm}{kT}$;

С) $p = \frac{1}{nm}$;

Д) $p = \frac{nm}{RT}$;

Е) $p = \frac{\rho m}{NT}$.

11. Тасымалдау коэффициенті диффузия температураға тәуелділігін көрсетіңіз:

А) Диффузия коэффициенті өте жоғары емес температурада, температураға кері пропорционал;

В) Диффузия коэффициенті өте жоғары емес температурада, температураға тура пропорционал;



С) Диффузия коэффициенті өте жоғары емес температурада, түбір астындағы температураға тура пропорционал;

Д) Тұтқырлық коэффициенті өте жоғары емес температурада, температураға кері пропорционал;

Е) Тұтқырлық коэффициенті өте жоғары емес температурада, температураға тура пропорционал.

12. Изотермдік процесс кезінде идеал газда қандай шамалар тұрақты болып қалады?

- А) Қысым және көлем;
- В) Тығыздық және масса;
- С) Көлем және тығыздық;
- Д) Энтальпия және энтропия;
- Е) Температура және қысым.

13. Изотермдік процестегі ішкі энергияның өзгерісі неге тең?

- А) $dU = 3RdT$;
- В) $dU = 0$;
- С) $dU = kdT$;
- Д) $dU = RdT$;
- Е) $dU = \delta Q$.

14. Температураның дұрыс тұжырымдамасы:

А) Температура – өте көп бөлшектерден тұратын жүйені сипаттайтын статистикалық шама;

В) Температура – дененің қыздырылу деңгейі;

С) Температура – молекулалардың сыртқы күштер өрісіндегі потенциалдық энергиясына тура пропорционал физикалық шама;

Д) Температура – өзара молекулаларлық әрекеттесудің потенциалдық энергиясына тура пропорционал физикалық шама;

Е) Температура – дененің энергиясына пропорционал физикалық шама.

15. Массасы m мұзды еріткендегі энтропияның өзгерісі қалай анықталады (мұздың меншікті балқу жылуы λ)?

- А) $\Delta S = \frac{m\lambda}{273}$;
- В) $\Delta S = const$;
- С) $\Delta S = 0$;
- Д) $\Delta S = \frac{273\lambda}{m}$;
- Е) $\Delta S = \frac{273m}{\lambda}$.

16. Идеал газдың күй теңдеуінің дұрыс өрнегін көрсетіңіз (m – газ массасы, M – молярлық масса):

- А) $pV = MRT$;
- В) $pV = \frac{M}{m}RT$;
- С) $pV = \frac{m}{M}RT$;
- Д) $pV = \frac{m}{M}T$;
- Е) $pV = mRT$.

17. Орташа квадраттық $\sqrt{\langle v^2 \rangle}$ жылдамдықтың дұрыс өрнегін көрсетіңіз:

- А) $\sqrt{\langle v^2 \rangle} = \sqrt{\frac{3kN_A T}{M}}$;
- В) $\sqrt{\langle v^2 \rangle} = \sqrt{\frac{8kT}{\pi m}}$;
- С) $\sqrt{\langle v^2 \rangle} = \sqrt{\frac{3kT}{\pi m}}$;
- Д) $\sqrt{\langle v^2 \rangle} = \sqrt{\frac{2RT}{M}}$;
- Е) $\sqrt{\langle v^2 \rangle} = \sqrt{\frac{2kT}{m}}$.



18. Орташа арифметикалық $\langle v \rangle$ жылдамдықтың дұрыс өрнегін көрсетіңіз:

A) $\langle v \rangle = \sqrt{\frac{8kT}{\pi m}};$

B) $\langle v \rangle = \sqrt{\frac{2kT}{M}};$

C) $\langle v \rangle = \sqrt{\frac{8kT}{m}};$

D) $\langle v \rangle = \sqrt{\frac{3kT}{m}};$

E) $\langle v \rangle = \sqrt{\frac{2kT}{m}}.$

19. Ең ықтимал v_{θ} жылдамдықтың дұрыс өрнегін көрсетіңіз:

A) $v_{\theta} = \sqrt{\frac{3kT}{m}};$

B) $v_{\theta} = \sqrt{\frac{2kT}{\pi m}};$

C) $v_{\theta} = \sqrt{\frac{8kT}{m}};$

D) $v_{\theta} = \sqrt{\frac{2kN_A T}{M}};$

E) $v_{\theta} = \sqrt{\frac{8kT}{\pi m}}.$

20. Жылу мөлшеріне арналған дұрыс өрнекті көрсетіңіз:

A) $Q = c\Delta T;$

B) $Q = \lambda\Delta T;$

C) $Q = cm;$

D) $Q = r\Delta T;$

E) $Q = mr.$

Сұрақ №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Жауа- бы	B	A	A	C	A	B	B	B	D	A	C	D	B	A	A	C	A	A	D	E



Березовская И.Э.,

*Ph.D, старший преподаватель кафедры теплофизики и
технической физики физико-технического факультета
КазНУ им. аль-Фараби*

Воробьева О.Д.,

*магистрант 2 курса кафедры теплофизики и
технической физики физико-технического факультета
КазНУ им. аль-Фараби*

ИГРА ФРАКТАЛОВ – ОТ ХАОСА К ПОРЯДКУ

Хаос подразумевает под собой беспорядочность, то что нельзя задать последовательностью, и каждый элемент хауса можно определить случайностью с какой-то долей вероятности. Но в математике есть один пример, когда в хаосе появляется порядок [1].

Давайте это проверим с помощью игры, вам понадобится лист бумаги, ручка, линейка, игральный кубик и много терпения.

В игре будет три точки, обозначим их на листе бумаги. Они могут быть расположены как угодно по вашему желанию. Эти три точки будут вершинами

треугольника (ABC), который может быть равнобедренным, равносторонним или неправильным. Теперь случайно поставим на листе бумаги четвертую точку (точка O – начальная точка), она будет стартовой и может находиться либо внутри треугольника ABC, либо снаружи него (рис. 1). Игральный кубик вносит момент случайности, по которой мы будем двигаться от начальной точки. С помощью кубика будем определять, к какой вершине треугольника будем двигаться, и какая вершина нам не выпала, мы будем приближаться к ней на полпути.




Рисунок 1. Построение стартовой точки O и треугольника ABC

Для вершины A будут соответствовать значения 1 и 2, выброшенные кубиком, для вершины B – значения 3 и 4, для вершины C – значения 5 и 6. Если

выпадет 1 или 2, то мы от начальной точки ставим точку на полпути до вершины A, если выпадет 3 или 4, то движемся от последней поставленной точ-

ки на полпути к вершине В, и 5 или 6 для вершины С. Таким образом, бросая кубик, мы создаем последовательность итераций (расставленные точки).

Так мы бросаем кубик несколько раз, как видим из рисунка 2, сначала на листке бумаги видим только точ-

ки, которые не имеют порядка и закономерности. Но если мы продолжим выбрасывать кубик и расставлять все новые точки, то можно заметить, что образуются области, в которые точки не попадают и остаются пустыми (рис. 3).




Рисунок 2. Построение спустя 198 выброшенных точек




Рисунок 3. Построение спустя 550 выброшенных точек

По мере увеличения количества точек области рисунок начинает приобретать четкую форму треугольников, в которые никак не попадают точки, выбрасываемые кубиком. Казалось бы, из случайных точек выстроилась упорядоченная структура, которая носит назва-

ние «Треугольник Серпинского» (рис. 4). Это самоподобная фигура, или фрактал, которая довольно распространена в природе. Например, фрактал «Папоротник Барнсли» похож на настоящее растение, но является математическим объектом, совпадающим с частью себя [2].




Рисунок 4. Построение спустя 2501 выброшенной точки

Даже если повторить игру или поменять количество вершин и усложнить переход между точками по вероят-

ностям, все равно будут образовываться упорядоченные структуры.

Список использованных источников:

1. Кроновер Р. Фракталы и хаос в динамических системах. Основы теории: Пер. с англ. Постмаркет. – М., 2000. – 352 стр.
2. Мандельброт Б. Фрактальная геометрия природы. – М.: Институт компьютерных исследований, 2002. – 656 стр.

Борбасова Қ.М.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІНДЕГІ ДІННІҢ ОРНЫ

Ислам қазақ тарихында үнемі өркендеуші рөл атқарған. Ислам дінінің қазақ елі үшін жеке адам мен қоғамды түзетегін, әлеуметтік бақытқа, шынайы бостандыққа және бірлік-татулыққа жеткізетін құрал, ізгі жол болатындығын қазақ ойшылдарының барлығы мойындады десек те қателеспейміз.

«Абайды мұқият қарап отырсақ, ол ислам дініне реформа жасау жағында болған. Оның дінге, мұсылманшылыққа көзқарасының негізінде адамшылық принциптері жатыр. Абайдың айтуынша адам дінге емес, дін адамға қызмет етуі керек». (Ғарифолла Есім. Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. Екінші кітап. Алматы: Ғылым, 1996. – 61 б.)

Кейбір зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, ежелден көшпенділер басқа халықтардан рухани-психологиялық жағынан артығырақ болды. Себебі олар, негізінен, батыр, ер мінезді, жігерлі, сол сияқты, еркін ойлап – сөйлейтін, ар-намысын ақшаға сатпайтын асыл текті адамдардан құралды. Осындай табиғи қасиеттерге исламның Ханафи мәзһабының руханияты келіп қосылғанда нұр үстіне нұр болып, тамаша нәтиже туды. Қазақ халқы исламды соқыр сеніммен емес, ақыл-ой елегінен өткізіп, жан-жүрегімен қабылдап, оны даналық, сопылық үлгісінде ұстанған. Себебі бұл ілімнің негізгі тамырында Абу Ханифаның ой еркіндігі туралы көзқарасы жатыр. Ата-бабаларымыз

діни көзқарасы терең, діни мәдениеті өте жоғары ұлттардың қатарынан болғандығы енді ашылып жатыр. «Қазақстанның қазіргі жағдайында дін мәселесінде Ахмет Яссауи мұрасы төңірегінде болсақ сірә қателеспейміз. Өткені Иассауи ренессанстық тұлға. Оның мұрасында араб-парсы мен түркі мәдениеті тоғысқан. Иассауи өз шығармаларын араб әріпімен түрікше жазған. Дініміз ислам, сөзіміз түркі, бұл ғажап синтез», деп жазады Ғарифолла Есім. (Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. Екінші кітап. Алматы: Ғылым, 1996. – 636.)

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері біздің елімізде Ханафи мәзһабының халық арасында қанат жаюына мүмкіндік жасалып отыр. Әлемде қаншама діндер бар. Олардың өздеріне тән сенім негіздері бар. Осы сенім негіздеріне жүгіне отырып, адамгершілік және әдептілік нормалары діни құндылық ретінде қалыптасады. Діни құндылықтардың таралуы әр елде, әр халықта әртүрлі. Себебі олар сол елдегі қоғамдық санаға, ондағы жергілікті халықтың дүниетанымына сәйкес келуіне, олардың әлеуметтік-рухани тілектері мен ізденістеріне байланысты. Жоғарыда айтып өткеніміздей ислам құндылықтары мен қазақ халқының діни-мәдени құндылықтарын біріктіретін ортақ идеялар өте көп. Сондықтан да жастарды тәрбиелеуде осы Абу Ханафа іліміне, оның эстетикалық, этикалық



нормаларының таралуына баса назар аударсақ біз рухани даму саласында біраз нәтижелерге жетеріміз сөзсіз.

Исламдағы иман негізі ең алдымен Аллаһқа сенумен басталады. Алланы білу, тану, және оны жүреппен растап, тілмен айтып, оған сену шарт. Мұны орындау арқылы мұсылман болып нағыз иманға қауышады.

Исламдық тәрбие жастайынан баланың Аллаһқа сүйіспеншілігін арттырудан басталады. Жазалайтын кездерде Аллаһ сенің бұл әрекетіңді сүймейді деп айтып отыру құпталады. Бала Аллаһтың сүймейтін жайттарынан сақтанып, Ол жақсы көретін, ұнататын іс-әрекеттерді істеуге ұмтылады.

Сондай-ақ балаға тек қана Аллаһтан қорқу керектігі де жүйелі түрде үйретіледі. Сонда баланың әркімнен бір қорықпай, жасқаншақ болмай өсуіне мүмкіншілік жасалады. Құран бойынша ең кемел адамдар пайғамбарлар болып есептеледі. Олар Аллаһтан алған уаһиді адамдарға жеткізеді. Сондықтан да пайғамбарлардың өмірімен танысудың, үйренудің жастар үшін маңызы, олардың өмірінде алар орыны ерекше.

Қазіргі мұсылмандықты дәріптеуші ойшылдардың барлығы жастарға Пайғамбарларға сенуді үйрету, олардың бойында діни құндылықтарды қалыптастырудың ең оңайы деп есептейді. Өйткені олардың өмірімен танысу, олардың іс-әрекеттері мен басынан өткен оқиғалар өте әсерлі болады. Тәрбие әдістемесін жүргізгенде жастардың, балалардың есінде хикаяттар тез қалып қояды. Сонымен қатар қызықты жайттарды мұқият құлақ салып тыңдайды. Мектеп жасындағы балалар кітаптағы батырлардың, қаһармандардың оқиғаларынан ерекше әсер алады. Сондықтан Пайғамбарлар тарихын оқыту ар-

қылы олардың тәрбиесін, мінез-құлқын да едәуір жоғары дәрежеге жеткізуге әбден болады. Мысалы, пайғамбарымыздың кішкене бала кезінде басынан өткізген оқиғаларын айтуға болады. Оның өмірінде, алдынан кездескен мәселелерге байланысты ұтымды шешім қабылдауы секілді ғибратқа толы іс-әрекеттері жастар үшін маңызды тәрбие. Мұхаммед пайғамбарымыздың жастарға деген мейірім-шапағаты, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету үлгісі, өнеге боларлық дәрежеде.

Ұлттық тәрбиеге келер болсақ, ата-бабаларымыз ата-ана мен баланың арасындағы тәрбиелік мәнге ерекше көңіл бөлген. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан діни тәрбие мен ұлттық тәрбиенің үндесуі.

Ата-аналар балаларын білімдар, пысық, еңбекқор еліне, халқына қызмет ететін азамат болсын деп тәрбиелейді. Тәрбие барлық жерде бірдей емес. Әйтсе де әрбір ата-ана өзінің баласының бойына жақсы қасиеттердің қалыптасуын қалайды. Көркем мінез, бұл әр халықтың армандайтын бағалы құндылығы. Қоғамдық өмірдің үндестікте дамуы үшін тек мемлекет заңына мойынсыну жеткілікті емес. Ортақ құндылықтар мен дәстүрлердің бірлесуі өте қажет. Басқаша айтатын болсақ адамгершілік құндылықтарды дамыту арқылы қоғамдық қатынастырды жетілдіре түсу керек. Бүкіл діндердің күнә деп есептеген нәрселерін, мемлекеттің заңы да күнә деп есептейді. Ал бірақ, діндердегі мейірімділік, өтірік айтпау, қонақжайлық, басқа адамға көмектесу, құрметтеу сияқты құндылықтарды мемлекет заңымен орындатуға болмайды. Мұндай қасиеттер жастардың бойында тек тәрбиемен, діни сеніммен қалыптасатын құндылықтар болып табылады.

KAZNU PAYS GREAT ATTENTION TO THE DEVELOPMENT OF SPIRITUAL AND CULTURAL PERSONALITY THROUGH THE 100 BOOKS PROJECT

In the context of globalization spiritual and cultural values gradually began disappearing, giving a way to social and economic welfare. People have forgotten that spirituality and culture also play an important role in our lives. These are two main principles which support the well-being of any nation. Culture also determines the level of the society economic development.

Today at al-Farabi Kazakh National University more focused on the spiritual and cultural development of a student. The evidence of it is the project “100 books”, which was initiated by the rector of the University, academician, doctor of technical sciences, professor Galymkair Mutanovich Mutanov. There was made up the list of hundred books, which includes the literary works of the famous Russian, Kazakhstani and foreign writers and poets. The main objective of this project is the spiritual and cultural development of the students of al-Farabi Kazakh National University. This project is actively supported by the teachers and students of the university and at the chair of foreign languages.

Recently, the English teachers of the chair have arranged two educational events in the framework of “100 books” project with the 1st year students of Chemistry

and Chemical Engineering, the Physics and the Physics Technology Faculty. The first event was devoted to the discussion of Abai Kunanbaev’s beautiful Kazakh literature masterpiece, The Book of Words and his poems.

The second event was dedicated to the discussion of the book: Robinson Crusoe» written by the famous English writer Daniel Defoe. The event was held in the form of debates, which was also held in two languages: German and English. After reading the book in English, students actively discussed it with the teachers in two languages German and English. They gave their interpretation of the concepts: courage, bravery and friendship.

It should be emphasized that due to the project “100 books» the students of al-Farabi Kazakh National University became more interested in the study of foreign languages. Participating in the events of the project “100 books» the students have significantly improved their speaking skills. This project helped them to overcome the language barrier. These educational events enriched their inner spiritual and cultural world. Through these literary works, they learned to understand what is good and evil. They have formed a clear moral position.



Тыныбеков С.Т.,

*Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор*

Мукалдиева Г.Б.,

*Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының доценті*

ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСА!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып саналады. Негізі қаланған сәттен бастап университеттің бай тарихы және көптеген салаларда көптеген жетістіктері бар. Біздің ЖОО-да 25 мыңнан астам студент оқиды және 16 факультет, 67 кафедра және 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтары жұмыс істейді.

Әрбір жоғары оқу орны жоғары білім беруде өзінің қайталанбас имиджіне ие және университетті таңдауда қателеспеу маңызды. 2018 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS “World university Rankings” халықаралық рейтингінде бүкіл әлемнің 800 үздік ЖОО арасында ТОП-220-ға кірді. Университетте Ғылыми кітапхана, ҚазҰУ Хабаршысы, әл-Фарабидің Кіші Академиясы, тарих мұражайы, “Enactus” халықаралық кәсіпкерлік ұйымы және т.б. жұмыс істейді. Біздің студенттерге білім алуға және студенттік өмірді өткізуге барлық мүмкіндіктер жасалған, өйткені ҚазҰУ – өте әдемі аумағы мен табиғаты бар шағын қала.

Сонымен қатар, университет бірлескен халықаралық оқу бағдарламаларын, алмасу және тағылымдама бағдарламаларын іске асыру үшін әлемнің 418 ірі халықаралық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасайды. Біздің ЖОО-да жоғары білікті мамандар мен оқытушылар жұмыс істейді, олар

оқу сабақтары барысында сізді арнайы оқытуға ғана емес, сонымен қатар сіздің жолдастарыңыз бен тәлімгерлеріңізге де үйретеді.

Жыл сайын біз оқушылар мен оқытушылар арасында түрлі салалар бойынша өзекті және жаһандық мәселелерді талқылау үшін Халықаралық Фараби оқуларын өткіземіз. Сондай-ақ, студенттер үшін рухани қасиеттерді қалыптастыру және әртүрлі идеяларды қалыптастыру үшін түрлі конференциялар мен пікірталастар өткізіледі. ҚазҰУ қабырғасында көптеген көрнекті ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері білім алып, сабақ берді. Олардың арасында М. Әуезов, М. Балақаев, Ә. Марғұлан, О. Сүлейменов және т. б. болды.

Әсіресе, 1934 жылы құрылған заң факультетімізді ерекше атап өткім келеді. Заң факультетінің түлектерінің арасында прокуратура, сот, ІІМ, полиция органдарының басшылары бар. Қазіргі уақытта біз үш мамандық бойынша мамандар даярлаймыз: құқықтану, кеден ісі және құқық қорғау қызметі. Біздің факультетте профессорлар мен ғылым докторлары, жоғары білікті мамандар сабақ береді. Студенттер магистратура мен докторантураға түсе алады, өйткені бізде кең ғылыми база мен ресурстар бар.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы – біздің жоғары оқу орнымыздың мақтанышы. Қазіргі таңда онда 2

миллионнан астам кітап, Электронды кітапхана, компьютерлік сыныптар, жайлы оқырман залдары бар. Мұндай кітапхананың бүкіл Орта Азияда баламасы жоқ. Студенттер ыңғайлы залдарда отырып, гранитті ғылыммен айналысады және көкжиегін кеңейтеді.

Оқу іс-әрекетінен басқа, біздің университетте “Өзіңнің айналаңдағы әлемді нұrlандыр”, “Дені саудың – жаны сау”, “Рухани жаңғыру” және т.б. аясында тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Студенттер пікірталастар өткізеді, мұқтаж адамдарға көмектеседі, сенбіліктер ұйымдастырады, ағаштар мен гүлдер отырғызады, іс-шаралар, қайырымдылық, тренингтер мен семинарлар ұйымдастырады. Осылайша, біздің оқушылар рухани байып, қоршаған әлемге өз үлестерін қосады.

Ми белсенділігін жақсарту үшін біздің қалада 2016 жылы чемпион Дмитрий Баландиннің құрметіне салтанатты түрде ашылған үлкен спорт кешені мен бассейн бар. Студенттер залда спорттық құралдарды пайдалана алады және бокс, футбол, волейбол, баскетбол, аэробика, дартс, теннис, шахмат, тоғыз құмалақ, би, дзюдо, жеңіл атлетика және т.б. сияқты түрлі үйірмелерге қатыса алады.

Жалпы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды тандаудың басты 5 себебін атап өткім келеді:

1. 220 орын халықаралық рейтингінде QS арасында 800 университет бүкіл әлем бойынша;
2. Үш тілде оқыту;
3. Үлкен аумақ, дамыған инфрақұрылым, студенттер үшін барлық жағдай жасалған;
4. Жоғары және орта білім негізінде екінші жоғары білім;
5. Қызықты және мазмұнды студенттік өмір: түрлі студенттік ұйымдар, тренингтер мен семинарлар.

Бізге оқуға түскісі келетін оқушылар үшін жыл сайын республикалық олимпиадалар өткізіледі, олар сізге грант және оқуға жеңілдіктер ұтып алуға мүмкіндік береді. Біз Ашық есік күндерін, ЖОО аумағы бойынша экскурсияларды өткіземіз және оқуға қатысты барлық қызықтырған сұрақтарға жауап береміз.

Біздің университеттің көптеген артықшылықтары мен мақтаныштары бар. Біз жаңа білім мен биікке ұмтылған, мақсатқа ұмтылған, еңбекқор жастарды асыға күтеміз. Студенттер үшін сапалы білім алу үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Өйткені, жаңа ұрпақ – еліміздің, Қазақстан Республикасының болашағы. Тек, алға!



Габитов Т.Х.,

*эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дінтану және
мәдениеттану кафедрасының профессоры, филос.ғ.д.*

Альджанова Н.К.,

*эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Дінтану және
мәдениеттану кафедрасының PhD, аға оқытушы*

АР-ҰЯТ ЭТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Ұлы философ Кантта мынадай тамаша ой кездеседі: «Адамды екі нәрсе жанын тебіренітіп, шексіз тандандырады: жұлдызды аспан мен ішкі моральдық заңдылық шексіздігі» [1, 17 б.]. Бірінші шексіздікті адам жаңа кеңістіктерді бірте-бірте игере отырып меңгерсе, ал екіншісін ар-ұят дауысына бағыну арқылы игереді. Ар-ұят деген не?

Ар-ұят өмірдің әр түрлі көріністерінде шатасқан түрінде көрінетін феномен. Ар-ұят түрлері мазмұнының айырмашылықтары бар ма? Тарихтың бүкіл өн бойында қарама-қайшы қондырғыларды ұстанатын адамдар өз «ар-ұятымыз бойынша» әрекет еттік деп есептеді: Конфуций мен Сократ, Заратустра мен Платон, Иса мен Мұхамед адамдарды руханилыққа, ар-ұят пен ар-ождан үніне құлақ түруге шақырса, инквизиторлар мен ксенофобтар, басқыншылар мен тирандар, фашизм мен большевизм фанатиктері де өз ар-ұяттары бойынша әрекет еттік деп санады.

Этикалық әдебиет бұл сұрақтарға әр түрлі жауап береді. Сенеканың пікірінше, өз этикалық қасиеттерімізге орай біздің қылықтарымызды сынайтын немесе қорғайтын ішкі дауыс ар-ұятты білдіреді. Стоиктік философия оны өзіндік сақтанумен (адамның өз-өзіне қамқорлығымен) байланыстырады. Діни философияда ар-ұят құдайдың адамға жіберген ақыл-ойының заңдылығы. Фихтенің айтуынша,

ар-ұят адамдардың қоғамдық жағдайына байланысты емес, ол ішкі «Меннің» дауысы және моральдың нағыз беделі болып табылады. Ол ішке қарай бағытталған ашу-ыза. Ж.П. Сартр ар-ұятты адамға қоғам тарапынан қойылатын сыртқы талаптар мен тыйымдарға қарсы тұратын ішкі тұлғалық әрекеттің жалғыз аралы деп жариялайды.

Ар-ұят адамгершілік сананың моральдық-психологиялық тетігі ретінде қоғамдағы моральдың императивті (бұйрықты), байланыстырушы күшіне ұқсас. Ол қоғамдық қатынастарда, мәдениетте, әлеуметтік субъектілер әрекеті мен өмір сүру тәртібінде объективті бекітілген адамгершілік құндылықтардың белгілі бір жүйесін тұлғаның рухани ішкі әлемінде қорғайды. Ар-ұяттың адамгершілік-психологиялық ерекшелігі, адамның психикалық өмірінің ең алуан түрлі элементтерін органикалық тұрғыда өз құрамына біріктіретін бүтіндей механизм ретінде көрінуімен сипатталады. Ол барлық психика қабаттарының, өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасады: рационалдылықтың, интуитивтіліктің, ойлаудың салқын есебі ғана емес, өмірлік тәжірибе бейнеленетін субъективизмдер даналығына, моральдық интуицияға сүйенеді.

Ар-ұяттың өзгешелігі қатарына оның тылсымдылығы, бүркемеленуі және таңдамалылығы жатады. Ар-ұят – бұл ішкі монолог, кейде онда диалог,

тіпті көп дауысты дискуссия да жүзеге асып жатады. Латыш даналығы былай дейді: «Ар-ұят дегенің мыңдаған куәгерлер». «Адам бойында мәңгі оппонент пен мәңгі қорғаушы рухқа ұйқы бермей пікірталасып жатады. Адамдағы мәңгі төреші қоғамдық пікірден жасырын жатқан нәрселерді көріп, ойлап және сезіп отырады» [2, 274-175 бб.].

Күнделікті өмірде ар-ұят сезімі адам қылығы әдеттегі және «автоматтандырылған» үлгідегі шеңберінен шығып кеткен кезде қосылатын өзіндік адамгершілік компас рөлін атқарады. Әрине, ар-ұят барлығын қамтитындай құдіретті емес. Адамгершілік компромисс жағдайында немесе адамгершілікке жатпайтын сарындар басым болған жағдайында еркін тандау мүмкіндігі бар кезде ар-ұят өз бойына өзге текті сіңіріп, өзін-өзі мүжүі, әдетте, бастапқыда адамгершілікке жатпайтын қылықты сезінумен сипатталады, уақыт өте келе тұлғаның өзі жасықтанып, адамгершілік атрофия жолымен жүреді және өз қылығын моральдық реттеу шеңберінен сырт қалады.

Ар-ұят адамның ішкі дауысы, «қайырымдылықты іштей анықтау үдерісі» (Гегель) болғанымен, ол жан-жағын аңғаруы тиіс. Мынадай қайшылық болуы мүмкін: моральға жатпайтын қылық білместікпен сипатталатын адамгершілік максимализм күшімен тандалуы мүмкін. Ақиқат пен жоғары адамгершілік талаптар үйлесімділігінің өзі де «ар-ұятқа сай қылықты» еркін талдауға кепіл бола алмайды. Еркіндік пен демократия жойылып, сыбайлас және бюрократтық күштер үстемдігі жағдайында индивид міндетті түрде қуыршақ рөлінде көрінеді. Мәдени аномалия, қоғамның маргиналдануы

мен люмпенденуі жағдайында оның мүшелерінің ар-ұяты ұйқыға кеткен тәрізді болады... Ар-ұятсыз билік – бұл өзін-өзі жоятын билік. Ал оның деструктивті табиғаты адамдарға шексіз зиянын тигізеді. Тирандар мен баскесерлердің ең тиімді ақталуы – «заманның қаталдығына» сілтеме жасау. Қандай да бір «эталондық топтық» үлгілері деңгейіне дейін моральды төмендету ар-ұяты бар адамдарды қудалаумен тікелей байланысты. Жалған жүйеде адал адам аномалия тәрізді көрінеді. Тоталитарлық және сыбайлас қоғамдардағы нақты практика мұның мысалдарына толы. Жалпы «қолдаймыз» жағдайы ар-ұятқа аномалиялық құбылыс ретінде төзбейді. Айуандық, садизм, демагогия, егер осылардың көмегімен қара бас мүдделеріне септігі тиіп жатса, қайсыбіреулерді қуантады. Сонымен қатар өзгелердің адал және бақытты өмірі қызғаныш пен көре алмаушылық туғызуы мүмкін. Көптеген «тарихи қайраткерлер» мен «халықтар өкілдері» қоғамдық пікірді бағындыру арқылы өздеріне қолайлы моральды қалыптастыруға ұмтылады. Көбіне бұл мораль «көсемдік» үлгілер мен утилитарлы мақсаттарға қызмет ететін есепке құрылған мораль. Олар үшін ең бастысы – имансыздықтың жалпы фонында оңай қол жеткізуге болатын жақсы көріну және мақтау есту.

Посттоталитарлық қоғамдағы адамгершілік ахуалды тандау үшін Э. Фроммның авторитарлы және гуманистік ар-ұят туралы ілімі өзекті болып табылады. Оның анықтауынша, авторитарлық ар-ұят – бұл сыртқы беделдің, ата-ана, мемлекет беделінің немесе қандайда бір мәдениеттегі бедел болатынның дауысы. Бұл жерде ар-ұят туралы



айтудың өзі қиын; мұндай қылық сәт талабына жай ғана сәйкес келеді, жазалану қорқынышымен және марапатталу үмітімен көрінеді. Әрқашан белгілі бір авторитеттер тегеурініне, олардың жазалауға, марапаттауға деген нақты немесе жалған мүмкіншілігіне тәуелді болады. Көбінде жұрт бойында ар-ұяттан туындайтын, өздері кінәлілік сезімі ретінде қабылдайтын көңіл күлер авторитет алдындағы қорқыныштан өзге ештеңе де емес. Ең маңыздысы, авторитарлық ар-ұят қағидалары адамның өз құндылықтық пікірлерімен анықталмайды, авторитеттер бұйрықтары мен тыйымдары арқылы анықталады [3, 139-141 бб.].

Авторитарлы ар-ұяттың екі түрі бар. Таза ар-ұят – бұл авторитет саған ырза деген сана; кінәлі ар-ұят – «Ол» саған ырза емес деген сана. Таза (авторитарлық) ар-ұят игілікті жағдай мен қауіпсіздік сезімін тудырады, өйткені ол авторитет қолдауын және оған жақындығын білдіреді. Кінәлі ар-ұят қорқыныш пен үміт үзушілікті тудырады, өйткені ол авторитет еркіне қарсы әрекет жазалану қауіпіне әкеледі.

Бағынбау басты күнә, ал тіл алғыштық басты ізгілікке айналады. Бас шұлғушылық авторитеттің жоғары билігі мен данышпандығын, оны өз еркі бойынша бұйыру, марапаттау және жазалау құқығын мойындауды білдіреді. Авторитет өз бұйрықтары мен тыйымдарын, марапаттауларын мен жазалауларын түсіндіруге дейін төмен түсе алады, бірақ индивидтің авторитетке еш сын айтуға құқығы жоқ. Индивидтің сын айтуға батылы жеткендігінің өзі айғақ ретінде оның кінәлілігінің дәлелі болып табылады. Авторитеттің прерогативі қандай болмасын, мейлі ол Ғаламның

билеушісі немесе тағдыр жіберген халықтың әкесі болсын, олардың және адамдардың кез келгені арасындағы түбірлі теңсіздік – міне, авторитарлы ар-ұяттың негізгі догматы осы. Авторитарлы ар-ұятпен салыстырғанда гуманистік ар-ұят – бұл сыртқы санкциялар мен қолдауларға бағынбайтын және әрбір адамға берілген біздің өзіміздің жеке дауысымыз. Ол ар-ұяттың дұрыс қызмет етуі немесе оның бұзылуына біздің бүкіл тұлға-тұрқымыздың жауабы. Ар-ұят адам мақсатының орындалуын бағалайды, ол өмір өнеріндегі табыстарымыз бен шалыстарымыз туралы хабар беріп отыратын біздің бойымыздағы ақпарат.

Сонымен, ар-ұят – бұл біздің өзімізге беретін жауабымыз. Бұл бізден жемісті өмір сүруден, толық және үйлесімді дамуды талап ететін біздің нағыз «Меніміздің» дауысы. Бұл біздің адалдығымыздың қорғаны, өзімізге тұра алу қабілеті, тіпті өзімізге «Иә!» деп тәкапарлықпен айтуға мүмкіндік беретін қабілет. Жеке ар-ұатымыздың дауысын есту үшін, біз өзімізді тыңдауымыз керек, ал бұл біздегі мәдениет адамдарының көпшілігі үшін қиынға соғуда. Біз өз дауысымыздан гөрі, өзге дауыстардың қандайына болмасын құлақ түреміз. Үнемі кино, газет, радио, бос мылжың сөздермен толтырылған пікірлер мен идеялар қоршауындамыз. Көбіне біз өз-өзімізбен жеке қалуға қорқамыз. Біз ең жағымсыз көпшілікпен, мәнсіз-мағынасыз уақыт өткізуді қалаймыз. Біз өз-өзімізбен бетпе-бет келу келешегінен қорқатын сияқтымыз. Өзіңмен жеке қалудан қорқу – бұл жалғу сезімі болар шамасы, бір мезгілде өзіңе сондай таныс әрі сондай бөтен адамды көруден туындаған қобалжу

күйіне ұқсас, біз шатасамыз да аулаққа қашамыз [3, 156 б.].

Ар-ұят ұғымы, егер берік өмірлік сенімі болмаған жағдайда, бай және игілікті адамдарда өте тайғанақ болуы мүмкін. Дәулеті енді құрала бастаған адам мен байлыққа тойынған адамның ар-ұят туралы ұғымы әр түрлі болуы ықтимал. Адамның ар-ұяттылығының маңызды элементі бала кезден басталған тәрбие болары хақ. Оған оны қоршаған орта, сол ортаның психологиясы мен құндылықтық бағдары зор ықпал етеді. Сондықтан да, іскер адамдар маман таңдағанда бұл адамның ар-ұятына әсер ететін факторларды ескеруі қажет. Ар-ұят ұғымына тарихи кезең, ұлттық, территориялық, климаттық ерекшеліктер де орасан ықпалын тигізеді. Ар-ұят ұғымының қазіргі кезең мен өндіріс үдерісіне машиналар, механизмдер енді ене бастаған XVIII-XIX ғасырлар арасында айырмашылығы бар екендігін де ескерген жөн. Француздар мен қазақтардың неке қатынастарында да ар-ұят ұғымы бір-бірінен айырықшаланады. Алғашқылары үшін бөлелер (кузендер) арасындағы неке қалыпты болып саналса, қазақтар үшін мұндай неке қан алмасушылыққа жол берген ұятсыздардың ісі. Шығыс халықтарына тән ар-ұяттылық батыс елдері халықтары пікірімен үнемі сай келе бермейді. Сондықтан да, адамгершілік қатынастарда әрқашан бұл факторларды ескеріп, әдеп-ғұрыпқа құрметпен қараған жөн.

Ерекше формада мұны былайша жеткізуге болады: адам қазіргіден жоғары және басқа болғысы келеді, осы қалағаны оның мәні болғандықтан, адамның өзіндік ерекшелігі қазіргі бар қалпынан жоғары болуында деп айтуға болады. Адам – өзін-өзі анықтайтын,

өзін-өзі өзгертетін жан. Адамның дүниедегі бар басқа тіршіліктен айырмашылығын көрсететін ең дәл анықтамасы осы. Адамның өзіндік ерекшелігін натуралистік анықтауға және оның жануардан принципиальды айырмашылығын табуға бағытталған барлық талпыныстар іске аспайтын болып табылады, тіпті ақылдың дамуына сілтеме жасау да, немесе адамды «құрал-жабдықтар жасайтын жан» деп анықтаған ескі марксистік анықтама да, жануарлар психологиясын зерттеген жаңа зерттеулер алдында жарамсыз болып қалады, жақсы дегенде бұл жерде принципиальды сапалық емес, сандық ерекшеліктер ғана аталады. Бұл жағынан адам басқа жануарларға қарағанда, жеке-ленген қасиеттері бойынша анағұрлым дамыған, анағұрлым қу, сақ, тапқыр, ал кейбір қасиеттері бойынша – әлсіз, дамымай қалған жануар (басқа жануарларға тән көптеген инстинктер онда жоқ, дене мүшелері қорғану мен шабуылдауға нашар бейімделген). Тек ондағы рухани бастау ғана барлық эмпирикалық қасиеттерден принципиальды өзгеше (соның ішінде интеллектуальды-психикалықтан да) және оның жалпы эмпирикалық табиғатының шегінен шығатын, бір ғана адамға тән оның нағыз өзіндік ерекшелігін анықтайтын нәрсе. Тек адамға ғана өз-өзінен жоғарылау, өзінің эмпирикалық табиғатынан ойша бас тарту және одан көтерілгеннен кейін оны бағалау, ол туралы пікір айту қабілеті тән. Адамның рухани өмірінің практикалық көрінісі болып табылатын адамгершілік санада ғана адам тиістілік сезімін сезініп, өз өмірінің абсолютті мұратын саналы түсініп, өзінің эмпирикалық табиғатынан жоғары көтеріліп самғай алады; бұл самғау – адамның нағыз мәні.



Әдебиеттер

1. Кант И. Критика практического разума // Сочинение в шести томах. – М., 1966, Т. 4.(2) – 387 б.
2. Мильте А. Совесть. Этическая мысль. – М.: Мысль, 1992. – 274-275 бб.
3. Фромм Э. Человек для себя. – Минск: Коллегиум, 1992. – 253 б.

Тұмбай Ж.О.,

доцент кафедры «Менеджмент»

КазНУ имени аль-Фараби

Ғалымқызы Г.,

преподаватель кафедры «Менеджмент»

КазНУ имени аль-Фараби

ОРИЕНТИРЫ БУДУЩЕГО

Опубликованная в газете Егемен Қазақстан статья Президента страны К.-Ж. Токаева «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» в канун 30-летия независимости Казахстана была вполне ожидаемой. В ней в краткой и вместе с тем ёмкой форме дан экскурс на постсоветский период становления и развития независимого, суверенного Казахстана. Через всю статью четко прослеживается мысль о том, что главной ценностью и достоянием, смыслом всей жизни народа, населяющего его, является Независимость, ценнее и священнее в этом мире которого ничего нет.

В статье много моментов, которые заинтересуют широкий круг читателей и несомненно вызовут у них живой интерес. В ней даны исчерпывающие ответы на многие вопросы, которые интересовали народы Казахстана в последнее время. Так, Глава государства, подводя итоги тридцатилетнего развития страны, как самостоятельного субъекта мировой хозяйственной системы, с его трудностями и радостями, кризисами и подъёмами, обозначил приоритетные цели и перспективные направления четвертого десятилетия нашей Независимости. В статье особо отмечена выдающаяся роль в возрождении государственной независимости Казахстана Елбасы, Первого Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева. По выражению Президента РК К.-Ж. Тока-

ева, все достижения были достигнуты благодаря таким его индивидуальным качествам, как лидерство и мудрость, а также здравому смыслу нашего народа, единству и сплоченности, кропотливому труду наших соотечественников. И по его меткому выражению, мы не ошибёмся, если скажем, что Елбасы останется вечным символом нашей независимости.

Далее, в статье подчеркивается, что задача предстоящего четвертого десятилетия – стать экономически высоко-развитой страной и высокообразованной нацией. На этом пути необходимо продолжить политико-экономические реформы и процесс модернизации сознания, сформировать новую реальность нации, адаптированную к вызовам времени. В этой связи значительна роль всей системы образования и воспитания, начиная от дошкольного, начального и среднего, вузовского и послевузовского образования в формировании конкурентного человеческого капитала страны, способного вывести страну на качественно новый уровень социально-экономического развития. Посильную лепту в решении этой архиважной задачи вносит Казахский национальный университет имени аль-Фараби. В прошедшем году совершили феноменальный прорыв, поднявшись в глобальном рейтинге QS на 165 позицию. Этим самым КазНУ подтвердил



свое соответствие высокому уровню в мировом научно-образовательном пространстве. Теперь перед коллективом университета поставлена амбициозная, но вместе с тем вполне достижимая цель – войти в ТОП-100 ведущих университетов мира. Нет сомнения, что наш целеустремлённый коллектив, безусловно, успешно достигнет и этой высокой цели.

В статье Главы государства есть очень важные и другие послы, такие как нерушимость наших границ и тер-

риториальная целостность, закреплённая международными договорами; привитие молодежи патриотических чувств и пропаганда государственности и патриотизма; что главными ценностями Независимости являются наши земли, язык и единство; важность перевода казахской детской литературы и истории на иностранные языки; необходимости проведения в стране политической и экономической реформы и т.д. Несомненно, все они найдут положительный отклик и всенародную поддержку страны.

Сансызбаева Г.Н.,

д.э.н., профессор кафедры «Менеджмент»

КазНУ имени аль-Фараби

Салимгереева А.А.

магистрант 2 курса специальности

«7M04116 – Управление проектами»

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ – ВЕДУЩЕЕ МНОГОПРОФИЛЬНОЕ ВЫСШЕЕ УЧЕБНОЕ ЗАВЕДЕНИЕ КАЗАХСТАНА

Образовавшись в 1934 году, КазНУ имени аль-Фараби на протяжении 87 лет продолжает занимать лидирующие позиции в сфере образования не только среди вузов РК и СНГ, но и в международных рейтингах. КазНУ имени аль-Фараби – первый в истории страны Лауреат премии Президента Республики Казахстан «За достижения в области качества», дипломант Премии Содружества независимых государств за достижения в области качества продукции и услуг.

На сегодняшний день КазНУ имени аль-Фараби – это целый учебно-научный комплекс, который предлагает широкий выбор специальностей. Многоуровневая система образования КазНУ включает высшее базовое образование (бакалавриат), высшее специальное образование, магистратуру и докторантуру. Выпускники школ и колледжей могут выбрать любую интересующую их программу и поступить в наш университет.

Хотелось бы отметить, что по итогам исследования международного рейтингового агентства QS World University Rankings КазНУ в 2018 учебном году занял 220 место среди 800 лучших университетов мира. В рейтинге QS University Rankings по странам Вос-

точной Европы и Центральной Азии (QS University Rankings EECA 2016) КазНУ занял 11 место из 200. В обоих рейтингах КазНУ получил самую высокую оценку среди всех вузов Казахстана, что говорит о кропотливой и усердной работе всех, кто принимает важную роль в развитии нашего университета, а именно Ректорат нашего университета, факультеты, кафедры. Сложился и совершенствуется компетентный профессорско-преподавательский состав, владеющий инновационными методами обучения, исследовательскими навыками и потенциалом. Стоит отметить издание учебников и учебных пособий на казахском, русском и английском языках, монографий и научных статей в отечественных и зарубежных странах. В последние годы все чаще издаются статьи в журналах, индексируемых рейтингом Scopus в дальнем и ближнем зарубежье.

Сегодня КазНУ им. аль-Фараби успешно сотрудничает с более чем 300 крупнейшими университетами мира, является членом Международной, Европейской и Евразийской ассоциаций университетов, Консорциума мировых университетов и др. У учащихся нашего университета есть замечательная возможность обучиться по академической



мобильности, пройти двухдипломную программу, стажировку за рубежом, тем самым получить огромный багаж знаний и навыков, которые может применить в своей стране.

Что самое интересное и, наверно, самое полезное, это наличие научной библиотеки, издательства «Қазақ университеті», Вестника КазНУ, музея истории КазНУ им. аль-Фараби, музея биологии, археологии и этнологии, палеолита, Военной кафедры, Центра социальных исследований и инжиниринга при кафедре социологии и социальной работы, Колледжа КазНУ им. аль-Фараби, Института повышения квалификации.

Также для развития талантов обучающихся есть Команда КВН «КазГУ Град», Студенческий драматический театр КазНУ им. аль-Фараби «БІЗ», Театральный клуб «Эйдос», зарегистрированный на городском уровне, Студенческий дискуссионный клуб «Политолог», Интеллектуальный клуб КазНУ, Дебатный клуб КазНУ, Танцевальный ансамбль «Бахыт».

В КазНУ им. аль-Фараби очень развита активистская деятельность. Студенты могут вступить в любую понравившуюся и соответствующую их предпочтениям организацию, где они

смогут найти друзей, раскрыть свои таланты и обучиться, например, организаторским способностям. Есть возможность стать частью команд следующих студенческих организаций: Национальное студенческое бюро по Болонскому процессу, Студенческий профсоюз «Сұңқар», Сенат Студентов КазНУ, НСО (Научная студенческая организация) и др.

Длительный период пандемии внес изменения в жизнь преподавателей и студентов университета, но они довольно быстро адаптировались в новых условиях, успешно осуществляя образовательный процесс.

Студенты в онлайн-режиме проводят научно-исследовательскую работу, проходят научные стажировки, защищают дипломные работы и магистерские и докторские диссертации PhD по специальностям «Государственное и местное управление», «Инновационный менеджмент», «Управление проектами». Помогают нам успешно проводить преподавательскую работу, вебинары, которые проводит Институт новых образовательных технологий университета.

Ждем вас, абитуриенты, в высокорейтинговом Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Жұбаева О.,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қазақ тіл білімі кафедрасы,
филология ғылымдарының докторы
Саткенова Ж.,
филология ғылымдарының кандидаты

ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ ЖӨН КӨРСЕТКЕН МАҚАЛА

Қазақстан Республикасының Президенті – Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын оқып шығып, ондағы ұстанымдардың ХХ ғасырдың басындағы алаш зиялыларының тұжырымдарымен сабақтасып жатқанына қуандық. Ұлт көсемі – Ө. Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген ұстанымын басшылыққа ала отырып, Президент «шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек» екенін айтады. Бұл орайда патриоттық сезім «білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру» арқылы орнығатынын ескерте келіп: «Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениет мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі» деген тұжырым жасайды. Президент әсіресе тіл, әдебиет, тарих сияқты ұлттық ұстындарға ерекше мән берген. Мемлекет басшысының бұл бағыттағы тұжырымдары Әлихан Бөкейханның «Қазақтың ұлт болып, өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек»; Ахмет Байтұрсынұлының «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға

ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендетуге керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» деген ұстанымдарымен үндес, сабақтас. Мақаланың негізгі құндылығы да сонда. Себебі «жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар тамырымызды берік сақтауымыз қажет».

Елдің дамуына жөн сілтеген мақалада тіл білімі, әдебиет, тарих салаларының мамандарына зор міндет жүктелген. Бұл орайда әсіресе «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» деген ұстанымның маңызы ерек. Мақалада тәуелсіздік идеясы Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен бастау алатынын, ХХ ғасырдың басындағы ғалымдар, қайраткерлер елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткенін, осы жолда өздерін құрбан еткендерін ескерте келіп, бүгінгі тарихи мұраларды жинақтап, насихаттау қажет екенін айтады.



Тарихи зерттеулер ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізілуі керек екенін ескерте келіп, Президент «ұлттық мүддеге сай келетін көп томдық жаңа тарих», Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихы, шетел аудиториясына арналған «Қазақстанның қысқаша тарихы» жазылуы керек екенін, құзырлы органдар мен отандық телеарналар тарихи тақырыптарға мән беріп, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындылар, деректі және көркем фильмдер түсіру қажеттігін ескертеді. Ондағы мақсат – қазақтың сан ғасырлық шыннайы тарихын жастарға, өскелең ұрпаққа ғана емес, бүкіл әлемге таныту. Көршілес мемлекеттердегі қайраткерлер қазақ жеріне қатысты түрлі пікірлер айтылып жатқан тұста бұл бағыттағы істерді қолға алу қажет-ақ!

Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыспен бағдарлама аясында тіл, әдебиет, тарих, т.с.с. салалар бойынша құнды еңбектер жазылғанмен, іргелі ғылыми зерттеулер көпшілікке жетпей, ғылыми

институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып отырғаны шындық. Осыған байланысты Президент ондай еңбектерді жұртшылыққа түсінікті әрі қолжетімді ету қажет екенін ескертеді. Бұл да – бүгінгі таңда ғалымдарды ерекше толғандырып жүрген мәселелердің бірі еді. Сондықтан ата-баба мұрасын танытуға қатысты танымдық, ғылыми еңбектерді ел игілігіне айналдыруға қатысты тұжырымдары ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан да қолдау тауып отыр.

Кең-байтақ жерімізді, қастерлі тіліміз бен береке-бірлігімізді егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны ретінде сипаттай отырып, мақала авторы осы үш құндылыққа ерекше мән беруге шақырады. Әрине, «жаһандану кезінде жат жұрттың ықпалына ілесе» бермей, тіліміздің тазалығын сақтап, ұлттық болмысымызды қастерлей білуіміз керек. Ендеше, ұлт болып ұйысып, Президентіміздің мақаласында көрсетілген мақсат-міндетті жүзеге асыруға атсалысайық!

Сасыкова Л.Р.,

*эл-Фараби атындағы ҚазҰУ физикалық химия,
катализ және мұнай химиясы кафедрасының профессоры*

Жакирова Н.Қ.,

*эл-Фараби атындағы ҚазҰУ физикалық химия,
катализ және мұнай химиясы кафедрасының доценті*

Шуленбаева Ж.К.,

Алматы қаласы, № 53 орта мектептің химия пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ҚАЛДЫРҒАН АҒARTУШЫЛАРДЫҢ МҰРАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙДЫҢ ДАМУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТУДЕ

Білім адамдардың өмірді қолдауға ықпал ететін білімге практикалық-прагматикалық қажеттілігінен туындады. Оның жинақталуы мен тереңдеуі, қоғамның білімділігі өскен сайын ғалымдар ғалам туралы, адам туралы, адамдар мен табиғаттың байланысы мен тұтас өзара әрекеттесуі туралы ойлана бастады. Бұл екі бағыт – тәжірибе мен философия – әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердегі білім берудің бастапқы бағытын анықтады.

Қазақ жерінде педагогикалық ойдың дамуы VII ғасырдан басталды. Педагогикаға қатысты сұрақтар Орхон-Енисей ескерткіштерінде Иолыгтегі еңбектерінен табылып, Қорқыт ата, эл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Ясауи, Сайф сарай сияқты ойшылдардың еңбектерінен өз дамуын тапты.

XI ғасырда Қазақстан аумағында Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі» дидактикалық поэмасы, Махмұт Қашқаридің «диван лугат-ат түрік» («түріктерге арналған сөздік»), Ахмет Жүйнекидің «Хикбатұл хикайк» («Ақиқат сыйы» XII ғасыр) сияқты мәдени-тарихи және педагогикалық сипаттағы көптеген қызықты мәліметтерден тұ-

ратын көрнекті мәдениет ескерткіштері пайда болды.

Баласағұн поэмасында оның адам өміріндегі, оның бақытындағы рөлі туралы білім алу проблемалары көп орын алады. «Қудатғу билигі» тарауларының барлығы дерлік «білімді меңгеру! Бірақ ақын білім байлардың артықшылығы деп санайды, ал қарапайым адамдар білім алуға бейім емес. Ахмет Жүйнеки, керісінше, білім бірінші кезекте кедейлерге қажет деп санайды.

«Сөздіктің» фольклорлық материалдарында (мақал-мәтелдерде, дәстүрлерде, аңыздарда) көптеген құнды этикалық-педагогикалық және моральдық-психологиялық идеялар бар.

Орта ғасырдағы Қазақстандағы сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи тәрбие мен оқыту мәселелеріне үлкен үлес қосты. Ол өзінің «Дивани-Хикмет» («Даналық кітабы») діни-философиялық трактатында адамның этикалық өмірінің негізгі нормаларын баяндайды.

Ұлы ғалым, ойшыл және энциклопедист, 2020 жылы 1150 жылдығы аталып өткен шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Уәлаг эл-Фарабиді (қазіргі Отырар –



Фараб аумағында туған) «әл-муаллим ас-сани» деп атайды – екінші ұстаз (Аристотель бірінші болып саналады). Бұл шындыққа сәйкес келеді, өйткені ол өзінің ғылыми-философиялық еңбектерінде дидактиканың бірқатар өзекті мәселелерін шешеді. Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында оқыту, білім беру құралдарын әзірлеу, құру мәселелері ұсынылған. Бұл бағытта ол үлкен жетістіктерге жетті. Араб тарихшысы Ибн-Халликан (XIII ғасыр) өзінің «атақты адамдардың қайтыс болған күндері және уақыт ұлдары туралы мәліметтер» атты өмірбаяндық жинағында былай деп хабарлады: «Әл-Фараби исламдағы барлық адамдардан асып түсті, оның шынайы танымымен логикада, ол оның қараңғы жерлерін түсіндірді, құпияларын ашты, түсінігін жеңілдетті және кітаптардағы кемелділігі үшін қажет нәрсенің бәрін, стильдің керемет айқындылығы мен түсіндірудің шеберлігін ұсынды, оларда әл-Кинди және т.б. талдау және математикалық процестер шеберлігінде. Оның осы тақырыптағы кітаптары өте қанағаттанарлық және ең жақсы қасиеттерге ие».

Әл-Фараби көптеген оқулықтар, әдістемелік әзірлемелер, оқу-әдістемелік еңбектер жазды. Әл-Фарабидің әдістемелік жұмыстары шағын трактаттармен ұсынылған, онда дәйекті бағыт, кейбір мәселелерді зерттеу тәртібі және дидактикалық нұсқаулар берілген. Ғалым өзінің оқу-әдістемелік еңбектерінің көпшілігін шәкірттерінің, ғылым мен философияның қиын мәселелері бойынша жеке замандастарының өтініші бойынша жасады. Ауызша оқытуда әл-Фараби эвристикалық әңгіме (диалог) және даулы мәселені шешуге негізделген проблемалық

оқыту әдістерін жиі қолданған. XIII-XVII ғасырларда Қазақстанда педагогика және психология саласында әлі де қалыптасқан ғылыми білім жүйесі жоқ. XV ғасырдың ортасында қазіргі Қазақстан аумағында ерте феодалдық мемлекеттік бірлестіктер пайда бола бастады. Дәл осы кезден бастап өзіндік қазақ мәдениеті мен білімінің дамуы басталады.

Қазақ ағартушылары дене жазасына қарсы шықты. Ы. Алтынсарин мектеп өзінің идеялық бағыты бойынша Ұлт қағидаты қызметін атқаруға және балаларды Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеуге ұмтылды. Алтынсарин халық тілінің ерекшеліктерін – ырғақтылықты, дәлдікті, эпитеттер мен салыстырулардың байлығын жоғары бағалады. Ол білім адамгершілік пен халықтық, қол жетімді және бай және кедей болуы керек деп сендірді. Ағартушының ойлары оның замандастары Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаевтың көзқарастарымен сәйкес келді. Абайдың дидактикалық нұсқаулары ерекше назар аударуға тұрарлық. Олар оқытудың негізгі қағидасы қарапайымнан күрделіге дейін, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет екенін атап өтті. Қазақ ағартушылары оқыту ана тілінде жүргізілуі керек деп сендірді.

Абайдың педагогикалық көзқарастары феодалдық-рулық жүйе жағдайында қалыптасты. Бірақ соған қарамастан, көптеген проблемалар бойынша олар педагогикалық теория мен практиканың маңызды аспектілері бойынша біздің көзқарасымызбен сәйкес келеді. Абай қазақ ағартушылары, ғалымдары мен педагогтары арасында бірінші болып балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін оларды

тәрбиелеу үдерісінде ескеруді түсінді және талап етті. Абай өзінің байқаулары негізінде, қазіргі және оған дейінгі педагогикалық ойдың дамуындағы прогрессивтік үрдістерге сүйене отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен практикасына өз көзқарасы бар педагог-тәлімгер ретінде қалыптаса алды. Болашаққа ұмтылған Абайдың прогрессивті идеялары жастарды білімге, жарыққа шақырады.

Абай білімді бәрінен – байлық, даңқ, құрметтен жоғары қойды. Ол жастарды оқытып қана қоймай, оларды ғылымды игеруге шақырып қана қоймай, осы білімге жетудің жолдары мен тәсілдерін көрсетті. Ол оқыту міндетті міндет емес, көңілді ынталандыру, ләззат, қуаныш сыйлайтын болуы керек деп есептеді. Оқудан ләззат алу және қуаныш – бұл балалардағы білім беріктігінің ең тиімді жолы. Абай өздігінен өз білімін жетілдіруге шақырды.

Қазақ әдебиетінде алғаш рет ол жаңа жоғары нотада отбасына, ата-ана борышына, жастарды тәрбиелеуге деген көзқарасын білдірді. Ол классиктердің көптеген өлеңдерін қазақ тіліне аударып, сол кезде қазақ халқы үшін қол жетімді етті. Сонымен қатар, оның аудармалары өте жақсы шықты, себебі өзі де талантты болғандықтан жалпы жұртқа түсінікті еді.

Қазақстан жағдайында Ыбырай Алтынсарин Ушинскийдің педагогикалық идеяларының алғашқы хабаршысы болды. Ушинский өзінің дидактикасында өз уақытында жоғары ғылыми деңгейде мектепте оқу процесін құрудың дамыған жүйесін ұсынды. Бұл жүйеде оның дидактикалық принциптер туралы ілімі жетекші орын алады.

К.Д. Ушинский мынадай принциптерді алға тартады: 1) уақтылығы; 2) кезеңділігі; 3) шектеулілігі; 4) тұрақтылығы; 5) меңгеру қатандығы; 6) айқындылығы; 7) оқушының өз бетінше әрекет етуі; 8) шектен тыс шиеленістің және шектен тыс жеңілдіктің болмауы; 9) адамгершілік; 10) пайдалылығы.

«Адамгершілік» деп К.Д. Ушинский оқытудың тәрбиелік сипатын, «пайдалылық» – оқытудың өмірмен байланысы, «уақтылық» және «шектеулер» – оқытудағы табиғат сәйкестігі, ал қалған «жағдайлар» деп біз оқытудың дидактикалық принциптері деп атаймыз.

БІ. Алтынсариннің принциптері: оқудың соңы – білім; ғалым алға, үйренбеген артқа қарай жүреді; өлгенге дейін үйреніңіз; ғалым ағымға қарсы жүзеді; сауатты адам өлмейді, сауатсыз адам өмір сүре алмайды.

Педагог-энтузиаст Ыбырай Алтынсарин өзінің практикалық қызметін ағарту, мәдениет, прогресс идеяларын кеңінен насихаттаумен, қазақ халқын орыс халқының мәдениеті мен ғылымымен таныстырумен ұштастырды. Ол мектеп нақты білім беруі керек деп есептеді. Оқу процесін ұйымдастыруда, ең алдымен, мұғалім басты рөл атқарады, оқу-материалдық база шешуші рөл атқарады, содан кейін оқулықтарды мұқият тексеру қажет. «Жақсы білім беру керек, үйрену мүмкін емес». «Оқу кітабы ғылым рухына толы болуы керек».

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақтың тұңғыш тамаша ғалымы және көрнекті ағартушы-демократы. Ол өз заманының әртүрлі ғылым салаларының дамуына баға жетпес үлес қосты, география, этнография, тарих, фольклор, дінтану, шығыстану, философия, әлеуметтану және т.б. бойынша



көптеген тамаша жұмыстар жасады. Ол қазақ мектебінің бастауыш сыныптарында орыс тілін оқытуға арналған хрестоматия-құралдың («жаңа ауыл») үлгі нұсқасын жазды. 1930 жылы М. Әуезов Қызылорда қаласында бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасына сәйкес жастар мектептеріне арналған оқу құралы ретінде құрастырылған «жасөспірім» кітабын шығарады. Кітапты қазақ халқының қоғамдық өмірінде пайда болған жаңа саяси құбылыстарға түсінік беретін ғылыми еңбек ретінде қарау керек. М. Әуезовтің педагогикалық жұмыстарында оқушылардың өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу әдістемесінің негіздері жасалды. Ол мұғалім балаларға өз бетінше білім алуға, кітаппен, газетпен жұмыс істеуге, өз ойларын ауызша және жаз-

баша жеткізуге, дұрыс тұжырымдар мен жалпылама тұжырымдар жасауға үйрету керек деп санайды. Ол үй тапсырмаларының маңызы зор екеніне сенімді болды. Егер олар дұрыс ұйымдастырылса, олар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады, білім мен дағдыларды игеруге көмектеседі.

Осылайша, қанша уақыт өтсе де, ғалымдардың барлық дүниетанымдары педагогикада және қазіргі уақытта жауап табады.

Пандемия шарпыған соңғы жыл педагогтарға аса сын болды, бұрынғы міндеттермен қатар, техникалық жағдайды меңгеруге де дайын бола білу, заман талабына сай көштен қалмау, сонымен қатар ұлы ағартушылар салған ізгі жолмен жүру міндеттерін шешу тұр.

Джолдасбекова Б.У.,

филология және әлем тілдері факультеті деканы, ф.ғ.д., профессор

Саткенова Ж.Б.,

қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ!

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына ой-пікір

Тәуелсіздік – ата-бабалар аманаты! Тәуелсіздік таңын аңсаған, тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалғанына, міне, 30 жыл! Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Ұлан-ғайыр жері бар, ұлы мұратты Елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы мен ұрпағы көз тіккен ұлы болашағы бар менің халқым – Ұлы халық!» деген сөздері астарынан тәуелсіздік бағасын анық аңғаруға болады. Бұл асқақ ойдың жалғасы, тәуелсіздіктің баянды болуы үшін атқарылған іс-шаралар Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақаласында көрініс тапқан.

Президент Қ.К. Тоқаев мақаласында тәуелсіздіктің негізін қалауға арқау болған үш онжылдықта атқарылған іс-шараларға тоқталады. Тәуелсіздік үшін ең маңызды қадам – ел шегарасын нығайту. Бүгінгі күнге дейін ел шегарасын бекітуге байланысты атқарылған шаралардың маңыздылығын атап, «Қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайтындығын» шегелеп көрсетеді. Әділетті қоғам құрудың басты ерекшелігін атап өтіп, келешек ұрпақты ұлтжандылыққа шақырады. Ол үшін қоғамның басты құндылығы саналатын адамға жағдай жасаудың, барлық азаматтардың мүддесін қорғаудың маңыздылығын баса айтады.

Президент Қ.К. Тоқаев мақаласында ел тарихы да назардан тыс қалмаған «Таным мен тағылым» деп аталатын бөлімде тарихты түгендеп, келер ұрпаққа қалдырар «Мәдени мұраға» басымдық беріледі. Ел рухын көтерер іс-шараларды, академиялық үлгідегі көп томдықты жарыққа шығаруды тапсырды. Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынды. Мұндай шаралардың ел тәуелсіздігін сақтаудағы стратегиялық мәні орасан зор болмақ.

Тәуелсіздіктің басты көрсеткішінің бірі – тіл. Президентіміздің қазақ тілінің мәртебесі туралы айтылған пікірінің де бағасы жоғары. «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы, міндеті» деп атап, барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарына үндеу тастайды. Қазіргі жастардың өзге тілді игерудегі қабілетіне таңданысын жасырмайды. Өз тілін үйренуде де осы қабілеттерін пайдалануға шақырады: «Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек» дейді Президентіміз. Болашақ ұрпақты тәуелсіздік қадірін жалаң ұранмен өлшемеуге шақырады. Ел іргесі мықты, тәуелсіздігіміз баянды болғай!



Тұмбай Ж.О.,

*ЭжБЖМ-ның менеджмент
кафедрасының доценті*

Түлекбаева Қ.Н.,

*мемлекеттік және жергілікті басқару
мамандығының 4 курс студенті*

ҚАЗҰУ – МИЛЛИОН МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) – жетекші классикалық университет, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы. Бұл университет Қазақстан Республикасында ең танымал болып есептеледі. Кез келген Қазақстан азаматынан универ жайлы сұрасаңыз, ол міндетті түрде жауап береді. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы бірінші Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігінің аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды». Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Ә. Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық уни-

верситет QS жаһандық рейтингісінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.

Қара шаңырақтың қоластына жиылған 20000-ға жуық ізденушінің талабын тауға қарай домалатар жағдайдың барлығы да жасалған. Қала ішіндегі «Қазгуград» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ө. Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі жалғыз үлкен ауқымды «Әл-Фараби» кітапханасы, спорт кешені мен стадион, жаңа ғимараттар, әскери кафедра, технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық және студенттерге қызмет ету орталығы студенттер игілігі үшін қызмет жасап отыр.

ҚазҰУ-дың «КЕРЕМЕТІ»

«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы – әл-Фараби университетіндегі «ақылды қала» қағидаты бойынша оқу, медициналық, заңдық, қаржылық және мәдени-ойын-сауық қызметтерін көрсететін студенттерге арналған жастар ресурстық орталық. Бұл кешен – студенттердің барлық жағдайын қамтамасыз ететін әмбебап кешен. Еуропалық дизайндағы «Керемет» орталығы көп функциялы секторлардың

бірі «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Мұнда студенттер мен оқытушыларға арналған студенттік бөлім, халықаралық бөлім, тіркеушілер кеңсесі, паспорттық офис және қаржылық қызмет кеңселері қызмет көрсетеді.

Университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттарын анықтау, «Студенттік көктем», КВН, «Ана тілі аруы – Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады. Ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін де дәстүрлі түрде «Ғылым әлемі» сияқты конференция, форумдар ұйымдастырылып тұрады. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағымынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді.

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, Студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің Ғылыми қоғамы кіреді.

ҚазҰУ-дың басқа ЖОО-дан артықшылықтары қандай?

ҚазҰУ-дың миллион мүмкіндіктерінің бірі – шет елдерде академиялық мобильділікпен оқу тәжірибесімен алмасу. Мен шет елге шығу, онда оқып көруді армандайтынмын. ҚазҰУ-дың арқасында Ресей Федерациясының Белгород қаласындағы БелМУ ғылыми-зерттеу институтында тегін оқу мүмкіндігіне ие болдым. Осы мүмкіндіктің арқасында шет елге шықтым, ол жақтағы оқудың әдістерін көрдім, шет

елдегі өмір мен адамдарын Қазақстанмен салыстыра отырып өмірге деген көзқарасым өзгерді.

ҚазҰУ-дың түлектері – еліміздің іргелі ісін атқарып жатқан жандар

ҚазҰУ түлектері түрлі ғылым салаларының басында тұр. Атап кетсем, мемлекет билігін қолға алған министрлер мен депутаттар, университет басшылары, профессорлар, қоғам қайраткерлері, шоу-бизнес саласындағы белсенділер мен блогерлер.

Түлектердің білімі мен бағындырған биігі университетіміз үшін үлкен сын. Сол сыннан сүрінбей өткен түлектер бүгінде алтын ұямыздың туын биіктен желбіретіп, оның көркеюіне үлкен үлес қосып жүр. Солардың бірі де бірегейі – қара шаңырағымыздың түлегі, ҚазҰУ-дың қазіргі ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың орнына келген жаңа ректор – бұрынғы білім министрі Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткері, дипломат, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, төтенше және өкілетті елші, “Құрмет” және “Парасат” ордендерінің иегері. Осы мақаланы пайдалана отырып, су жаңа ректорымызға алдағы уақыттағы істеріне, жұмыс жолында шығармашылық табыс, алынбаған асулар мен биік белестер тілеймін.

Мен 9 сынып оқып жүрген кезімде, Ә. Нұршайықовтың “Махаббат қызық мол жылдар” романын оқып, білімнің қара шаңырағы ҚазҰУ-дың студенті болуды қатты армандап, алдыма мақсат қойып, күн-түн демей оқып, еңбек етіп ҰБТ-дан 124 балл жинап, төрт жыл бұрын осындай керемет мекеннің Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің мемлекеттік және жергілікті басқару



мамандығының студенті атандым. Бұрынғы кездері үлкендер «өмірдегі ең қызықты шақтар – студенттік шақтар» десе түсінбейтін едім. Бірақ осы оқу орнында нағыз өмірлік достарды таптым. Ұмытылмас кештер мен сәттер осы университетте болды. Өмірдегі ең ыстық сезімдер мен пейілдер, сыйластық пен құрмет, көшбасшылық қасиет – барлығын осы ҚазҰУ-дан алдым. Әрине, мұның барлығы менің университет белсенділерінің, яғни «қаймақтарының» қатарына қосылған кезімнен басталды.

ҚазҰУ-ды миллион мүмкіндіктер мекені дейтінім, бұл Smart City-де Smart Student болып шығуға барлық жағдайлар жасалған, бастысы студенттің осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білуінде. Бұл орны бөлек оқу орнында өмірге деген көзқарас пен

керекті қасиеттерді бойға сіңіруге, әл-Фараби атамыз айтқан көшбасшының 12 қасиетін қалыптастыруға, сапалы білім мен саналы тәрбие алуға, түрлі сайыстарда өзінді сынап көруге, өмірлік сабақтар мен достар арттыруға, бір сөзбен айтқанда тұлға болып қалыптасуға болады.

Қалай десем де, ҚазҰУ-мен мақтанамын, тіпті халыққа танымал болып жүрген азаматтарды біздің түлегіміз деп естігенде, көңілім көтеріліп, бір марқайып қалатыным бар. Мен сол тұлғалардың отырған аудиториясында отырып, сол кісілерге сабақ берген ұстаздардан тәлім алып жүргенім маған жігер береді. Сол себепті де, мен өзімнің ҚазҰУ-да жүргендігімді өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

ҚазҰУ – үлкен өмірге дайындық мектебі. ҚазҰУ-ыммен мақтанамын!

Аблайханова Н.Т.,

б.ғ.к., доцент,

Хронобиология орталығы

Сейдалиева Н.М.,

биофизика, биомедицина және

нейрогылымдар кафедрасының оқытушысы

ҚЫЗДЫ ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ

«Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазақ халқы өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «Қызға қырық үйден тыйым» жасайды. Ерте заманнан ата-бабаларымыз сұлулықтың көркем үлгісін ару қыздың тал бойынан көруді көксеген. Гүлге тән нәзіктік пен батырға тән батылдық бір бойына жарасқан қазақтың қыздарына тәнті болған жазушылар оларды шығармасына арқау етсе, ақындарымыз инабаттылығы мен нәзіктігін әнге қосып, өлең өрнектерімен көмкерген.

Бір отбасының ғана емес, бір рулы елдің, қала берді, бүтін бір ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін тұлғаның ана екені даусыз. Ол – қай қоғамның болсын, басты күретамыры. Ананың аялы алақанының жылуы арқылы біз мейірім мен шапағатқа бөленеміз. Ол – аналық махаббаты мен ана сүті арқылы ұлттың асыл қасиетін де, ата-баба өсиетін де, асыл діні мен ана тілін де, салты мен дәстүрін де ұрпақ бойына дарытатын жан. Ал бүгінгі ана – кешегі бойжеткен қыз – ертеңгі асыл әже. Демек, бүгінгі қыздардың қолында бүкіл бір ұлттың тағдыры мен болашағы тұр. Біз ибалы да инабатты, тәлім-тәрбиелі қыз өсіру арқылы қазақтың ұрпағын тәрбиелеп отырмыз.

Шарананы құрсақтан тәрбиелеп, ата салтын бойына дарытқан. Әсіресе, қыз баланың тәрбиесіне баса көңіл бөлген. Себебі – бүгінгі бүлдіршін қызды «ертең ибалы келін, одан соң абзал ана атанады» деп тәрбиелеген. Демек, ертең елдің батыры мен ақынын, көреген көсемін, сөзуар шешенін, топ жарар дүлдүлін де, өмірге әкелетін – ана. Сол себепті қыз баланы қонақ деп санап, бетінен қақпай, «қызға қырық үйден тыйым» дей отырып, еркелетіп, ибалы, инабатты, тәрбиелі, ар-намысын алдыңғы орынға қоятын ару етіп өсірген. Құлағында шолпысы, шашында шашбауы бар жан сұлулығы мен тән сұлулығы тең қазақ қызының басты тәрбиешісі ана болған. «Есті қыз етегін жабады» деп, ұзын көйлек кигізіп, қыздың талшыбықтай бұралған сырт-келбетін сұқ көздерден сақтаған. Аналар қыздың киім киісіне, жүріс-тұрысына, қай ортада болсын, өзін-өзі қалай ұстау керектігіне, үлкеннің алдын кесіп өтпеуді, кішіге ізет көрсетуді құлағына құйып отырған. Қызының алдында әкесін асқар таудай ете білді. Отағасының айтқанын екі етпей, оның қадір-қасиетін балаларының алдында арттыра түсті. Мұны көрген қыз да ертеңгі күні ер адамның алдында қия баспасы, ерін, яғни балаларының әкесін қастерлейтіні анық. Қазақ аналары сонымен қатар, «Қызым үйде, қылығы



түзде», «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болады» деп өзіне де барынша шектеу қойып, қызының әрбір ісін бағамдап отырған, «шеше тұрып қыз сөйлеуден» безген. Бойжеткен қыздың еркімен қыдыруын шектеп, құрбы-құрдасымен көңіл көтеру үшін алтыбақан, ақсүйек, бастаңғы, тоқым қағу сынды жастар бас қосатын ортаға ғана жіберетін болған. Бірақ, қыз баланың әр басқан қадамы анаға аян болып отыратын. Ертеңгі күні келін болып түскен ауылда өз отбасының, бір рулы елдің бетіне таңба болмасы үшін ар-намысын аяққа таптатпауды жалықпай санасына сіңіріп, қадап айттып отырған.

Дана халқымыз: «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», «Шешесі отырып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» демекші, ата-бабаларымыз қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, ізгілікке, әдеп-тілікке, ар-ұяттылыққа, нысаптылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулып отырған. Әрбір ата-ана Аллаһ тағаладан жақсы перзент беруін тілейді. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды. Дініміз Исламда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды (жақсы жерге) тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Аллаһ тағала ол кісіні жәннатына кіргізеді» (Әбу Дәуіт, Әдеп). «Дүниеге қыз келген уақытта, Аллаһ тағала ол жерге періштелерді жіберіп, сәлемін айтып: «Мына үйдің тұрғындары, сендерге сәлем болсын», –

дейді. Періштелер қанаттарымен жаңа туылған қызды қорғаштап былай дейді: «қандай әлсіз, қорғансыз еді, әлсіз денеден шықты. Егер әкесі оны тәрбиелеп өсірсе, қияметке дейін оған Аллаһтың жәрдемі болады» (Набит бин Шурайтан Табарани риуаят еткен). Ата-бабаларымыз қыз балаларымыз, апақарындастарымызға тәлім тәрбие беру ісінде асыл дініміздің маржан сөздерін арқау еткені белгілі. Қазақта «қызға қырық үйден тыйым» деп аталатын тәрбие бар. Еліміздің ертеңі осы асыл аналарымыз бен қарындастарымыздың қолында екені анық. Сондықтан жастарға тәрбие беруде дәстүрдің озығы мен тозығы бар демекші заман талабына сай озық тұстарын ұтымды пайдалану керек. Қыздарымыздың ибалы һәм иманды, тәрбиелі болуына пайдасы тиер деген оймен ес біліп, етек жиған әрбір қыз өзі барған әрбір үйде мынадай қырық істен тыйылу керек немесе барған үйлері тыю керек деп қараған. Олар:

Үлкенге сәлем бер, жолын кесіп өтпе, жалғыз қыдыруға тыйым. Үлкендер алдында жарыса сөйлеуге тыйым. Талтайып отыруға тыйым. Шалқайып жатуға тыйым. Көп алдында ұятқа қалмауды, ағайынға жеккөрінішті болмауды әрқашан ойлап жүр. Орынсыз іске ұрынудан тыйым. Өтірік, өсек айтпа және оны айтушыларды тыңдама. Әурет жерлерінді жауып, ашық-шашық жүруге тыйым. Өзгелерге тіл және қол тигізуге тыйым. Кісіге қарап керілуге, есінеуге тыйым. Дастарқан үстінде әдемі отыр, әдепті сөйле. Орынсыз сөзден тыйым. Ұрлық-қарлыққа тыйым. Жаназа оқылып жатқан жерден айналып кетпе. Адамды жерлеуге бара жатқандардан озба, жолын кеспе. Бұраң-

дауға, қылымсуға тыйым. Қызыл іңірде жатып, түске дейін ұйықтауға тыйым. Жалқаулыққа, ластыққа тыйым. Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға тыйым. Аш болсаң да, тоқ болсаң да құдайыңды ұмытпа. Бейәдеп сөз айтудан тыйым. Үйге, мешітке, қасиетті орындарға оң аяқпен кіру керек. Үлкендердің атын атауға тыйым. Ішімдік-шегімдікке тыйым. Ұрыс-керіске тыйым. Беттен алып, төске шабуға тыйым. Ер адамға әйел киімі жараспайтыны сияқты әйелдер мен қыздарға ер киімі де қонымсыз әрі тәңірінің бұйрығында да жоқ нәрсе. Біреудің байлығына, дүние-мүлкіне, ақшасына сұқтанба. Түнде суға жалғыз баруға тыйым. Жат жыныстылармен араласып жатуға

тыйым. Құран, намаз оқылып жатқанда сөйлеме, қозғалма, тұрып кетпе. Тарс-тұрс жүріс, қарқ-қарқ күлкіге тыйым. Ерді қорлауға, зорлауға тыйым. Адамды және жан-жануарларды тебуге тыйым. Бүйірін, жағын таянуға тыйым. Тәкаппарлыққа, сайқымазаққа тыйым. Тамақты өз алдыңнан алып же, кісі алдында қол созба. Шектен тыс жасанып, сылануға тыйым. Қызғаншақтыққа, күншілдікке тыйым. Менмендікпен өзімшілдікке тыйым. Алдап-арбауға тыйым. Көрсекызарлыққа, нәпсіқұмарлыққа тыйым. Тойымсыздыққа тыйым.

Осы айтылған маржан сөздерді бойына сіңірген екі дүниенің бақытына бөленері хақ.



Мұқатаева С.А.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«Мәдениеттану» мамандығының докторанты

Құдайбергенов С.Е.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының оқытушысы

Мұқатаева А.А.,

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Тарих және саясаттану кафедрасының доценті,

философия ғылымдарының кандидаты

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ ПӘЛСАПАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Аңдатпа. Қазақ өркениетінде бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін айшықтаған айрықша ұлы тұлғалары болды. Солардың бірегейі, келешек ұрпағына өлшеусіз мол қазына қалдырған, ұлы ойшылдары – әл-Фараби мен Абай.

Мақаламыздың мақсаты – қос тұлғаның дүниетанымдық арналарын, рухани мұраларының сабақтастығын, пәлсапа үндестігінің мәдени маңызын, өзектілігін кеңінен насихаттау, дәріптеу.

Түйін сөздер: ұлы, ойшыл, хакім, дүниетаным, мәдени, рухани мұра, пәлсапа, үндестік.

Кіріспе

Қазақ елі тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, еліміз рухани жаңғыру жолына түсіп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, төл тарихымыздың ақтаңдақтары ашыла бастады. Ел рухани-ятында терең мазмұнды, тағылымы мол «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Нәтижесінде, ұлы тұлғалардың рухани мұрасын сақтау, қолдану және зерделеудің тұтас жүйесін жасауға, талдауға, құндылықтарды салыстыра зерттеуге, осы заманғы ұлттық мәдениет, жазба және ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін

жинақтау, ғылыми-зерттеулерді дамытуға мүмкіндік берді.

Әдіснама

Тақырыпты зерттеуде нақтылық, біртұтастық белгілі методологиялық-теориялық принциптері қолданылды және мәдени-пәлсапалық тұрғыда қарастырылды. Мақалада тақырыптың ерекшеліктеріне сәйкес тарихилық пен логикалық бірлігі әдісі, салыстырмалылық әдісі қолданылды.

Негізгі бөлім

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келген. Толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби. Яғни, Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өседі, парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілдерде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби

өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады, сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болады. Сол қалаларда оқиды, еңбек етеді. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады, олардан тәлім-тәрбие алады. Өзінің білімділігінің арқасында «Екінші Ұстаз» атанады. Оның осы сапары өмір бойына жалғасып, соңында Сирияның Дамаск қаласында 950 жылы өмірден өтеді.

Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (160-қа жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазған), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» деп аталады. Оның атақты “Музыка туралы үлкен трактат” деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904 жж.) – ақын, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, композитор,

ойшыл, хакім. Ұлы ақын аса дарындылығы, ой-өрісінің тереңдігімен танымал болды. Оның рухани мұрасы – қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ой парасатының, жаңа арнада өріс алған мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің асқар шыңы.

Ақын мұрасы – өлең, дастандар, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Ол төл шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, моральдық мәселелерін тілге тиек еткен. Оның өлеңдері мен 45 қара сөздерінде қарастырылмаған тақырып жоқ. Абайдың дүниеге көзқарасы, ойы мен қыры мол, күрделі.

«...Абай тұтас ел болудан қалған, отаршылдық жағдайда күн кешкен қоғамда туған, оның ойшыл болып қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының басынан кешкен ауыр тұрмысына сәйкес келеді. Абайды тек ақын қылмай ойшыл гуманист дәрежесіне де көтерген дара даналығы мен табиғи дарыны, замана ерекшеліктері, осы «өтпелі қоғам» қайшылығы еді», – дейді абайтанушы ғалым Ғарифолла Есім [1994, 31-32 б.].

Ойшыл Абай мұрасы – халқымыздың рухани азығы. Абайдың өз шығармашылығына қойған үлкен мәселенің бірі – мәдени сабақтастық. Қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениеті, бай ауыз әдебиетімен сусындаған Абай, бұл қазынаны тек жаңа заман ақындары, Батыс ақындары тұрғысынан емес, поэзиядағы, өнеге тұтқан Шығыс ақындары мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай нәр алған қайнарлардың бірі – классикалық Шығыс поэзиясы.

«Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,



Хожа Хафиз – бу һәммеси
Мәдет бер я шағири, фәрияд»
[Абай 2005, 36 б.].

Ұлы ақынның Шығыс ақындарына сыйынуы жай емес. Навои, Фзули, Сейхали болса түркі мәдениетінің өкілдері, араб, парсы емес, түркі тілдес халықтарға ортақ тұлғалар.

«Ренессанстық парсы – араб өркениетін жоғары бағалаған Абай, ескі мұраны қайтадан жандандыруға шақырды... Бұрынғы мұра туралы сөз болғанда, оны тек араб-парсы мәдениетімен шектемеу керек. Түрік елінен шыққан Әбунасыр әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, т.б. шығармашылығымен Абай жақсы таныс болған. Ол – этностық мәдениеттің насихатшысы», – деп жазады мәдениеттанушы ғалымдар [Ғабитов & Мүтәліпов, Құлсариева 2002, 280 б.].

Бұл жайлы абайтанушы Ғ. Есімов «Хакім Абай» кітабында: [1994, 36 б.]. «Абайды дүниеге әкелген заманды Ренессанс дәуірі деп атауға әбден болады. Бұл қазақ Ренессансы. Оның мәні – түркі жазба мәдениеті дәстүрінің қазақ топырағында қайта жандануы... Абайды ақын, ойшыл ретінде дүниеге әкелген ауыз әдебиетін, жаңа сапалық күйге түскен түркі жазба мәдениетінің мұрагері екендігін мойындап қана қоймай, олардың сабақтастығын зерттеу бүгінгі күн талабы», – деген терең ойлары өзекті.

Қазақ топырағында дүниеге келген ұлы ойшылдар әл-Фараби мен Абай шығармашылығындағы рухани сабақтастықты, ақын нәр тартқан рухани көздерінің түп-төркіндерінен аңғаруға болады. Бұл орайда біз фило-

логия ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының «...алдымен екі ұлы ойшыл айтатын «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен атасақ, оның «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет болады. ...Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарабына қазақ топырағында арғы заманда әл-Фараби, соңғы дәуірде Абай ғана терең барлап барған тәрізді», – деген «Абай дүниетанымының рухани нәр алған бұлақ көздері» мақаласындағы деректерге сүйенгеніміз жөн деп білеміз [Мырзахметұлы 2020, 5-6 б.].

«Абай өлендері мен қарасөздерінде жан қуаты жайлы ой толғауында: «жан құмары», «жанның жибилі қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы», т.б. осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды», – деп айрықша ескертудің белгілі себеп те бар. Бұл пікірде Абайдың «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің арғы-бергі тарихымен толық таныстығы анық байқалатындығы былай тұрсын, өз тарапынан таратпақ болған ойларын кең түрде көсіле жазып, тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Абайдағы «адамды танымақтық» деп өз алдына сараланатын ұғымдардың түп-төркіні де Аристотельдің «Жан туралы» атты еңбегі мен әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактатындағы» жан туралы танымына саяды», – дейді ғалым.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғым-

дарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді. Әл-Фараби түрік әлемінде өз танымының негізі ретінде жүрекке шешуші мән береді. Бұл тұрғысында, хакім Абай өзінің 17-ші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгінеді. Әр қайсысы өзінің адам өміріндегі маңыздылығын көрсетуге, дәлелдеуге тырысады. «...Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. – Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – дейді Абай [2005, 104-105 б.]. Осылайша, хакім жүректің үстемдігін көрсетеді. Бұл жерде де ғұламалар дүниетанымының, пәлсапасының үндестігін көреміз.

ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есім «Фалсафа тарихы» еңбегінде: «...Таным мәселесіне келсек, Фараби, ақыл қуатына сенген. Ол «Ақыл туралы» трактатында адам ақылы Жаратушы құдіретінің бір көрінісі деген.

Ғылым, Фарабидің айтуынша, ақылдың нәтижесі», – дейді [2004, 49 б.]. Осы ойды да біз Абайдың 38-қарасөзінен: «...Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса, мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты бірлән ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды...», – көруімізге болады [2005, 125 б.].

«Әл-Фараби – Абай: рухани сабақтастығы» жайлы докторанттар, магистранттар мен студенттерге академик Ғ. Есім «Пәлсапа: даналық өрісі», «Ғұлама Абай ізімен...» атты дәрістерінде, кездесулерінде үнемі айтып келеді. «Ғұлама-Наме» трилогиясында: «Пәл-сапаның әлемдік деңгейде негізін қалаған – Әбу Насыр әл-Фараби», – деп жоғары бағалайды [2019, 17 б.]. Ал, дәл осы пікірді жоғарыда аталған мәдениеттанушылар да «Абайдың қазақ мәдениетіне қосқан тағы бір үлесі Ақыл мен Жүректің арақатынасын заман талабына сәйкес шешуінде жатыр. Бұл мәселе ежелден Шығыс өркениетінде жан-жақты талқыланған. Әл-Фараби мен суфизм фәлсафасында белгіленген екі бағыт кейін де талай ғұламаларды толғандырды. Абайдың пікірі бойынша, ақылды жетілдіру үшін Солтүстіктен Логосты, Білімді қабылдау қажет», – деп өрбітеді [Ғабитов & Мүтәліпов, Құлсариева 2002, 281-282 б.]. Сондай-ақ, қазақ мәдениетінде бұрыннан келе жатқан идея – жанның мәңгілігі жөнінде ғұламалар әл-Фараби мен Абай бойынша, адамның дүниедегі тіршілік ету мағынасы жанның мәңгілігімен айқындалады деген тұжырымға келеді. «Әйтпесе өмір мазмұны жануарлық күн көруден алыс кетпек емес. Әлем мен адамға бағыт беретін жол көрсетуші,



мәңгілік пен шексіздіктің кепілі – Нұр. Оған адамның жай ақылы жетпейді, оны аңғару, түсіну, жан дүниесмен қабылдау қажет. Өтпелі өмірден мәңгілікке (фәниден бақиға) көшу, басқа сөзбен айтқанда, бұл дүниеден кету дегеніміз адам жанының Нұрға қосылуы», – дейді. Бұл ғалымдардың айтылған пікірлерінен де ойшылдардың пәлсапа үндестігін көруге болады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған пікірлерден шығатын түйін – әл-Фараби еңбектерінен Абайдың жақсы хабары болғандығына, өзара үндестігіне анық көз жеткіземіз. Сол себепті, Абай шығармаларының нәр алған бастауларының бір төркіні ғылымды өмірінің мәніне айналдырған ойшыл әл-Фарабиде екендігін білуіміз қажет.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей де белсене араласуының арқасында 1993 жылы Әлем халықтарының рухани өміріндегі жарық жұлдыздарының бірі Абай екендігін жете бағалаған ЮНЕСКО өзінің 27-ші бас сессиясында Абайды әлемдік деңгейдегі даңқты адамдардың қатарына қосып, туғанына 150 жыл толғанын бүкіл-адамзаттық ортақ мерекеге айналдыру туралы шешім қабылдап, 1995 жылды «Абай жылы» деп атады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойын әлемдік деңгейде атап өту Тәуелсіз ел атанған халқымыз үшін үлкен құрмет, еліміздің жаңа тарихындағы жарқын бір белес болып тарихқа енді.

«...Қарап отырсақ, содан бергі бір ғасырдың көлемінде бірте-бірте ұлы ақынның даңқы жер жүзіне әйгілі болатындай деңгейге жетіппіз. Ол – алдымен, әлбетте, Абайдың теңдессіз кемеңгерлігінің, содан соң тәуелсіз мемлекеттігіміздің арқасы», – деген еді Елбасы Н.Назарбаев «Абай аманаты» атты мақаласында [2020].

Ал 2020 жылы ұлы ойшыл, философ әл-Фарабидің 1150, ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына арналған шетелдегі Қазақстанның Елшіліктерімен және әл-Фараби, Абай орталықтарының қолдауымен халықаралық ауқымды іс-шаралар, онлайн режимінде форумдар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, видеодерістер өтті.

Ұлы қос данышпанның еңбектері көптеген тілдерге аударылды, ұлылар жайлы еңбектер жарық көрді. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан орталықтар ашылды, ескерткіштер қойылды.

Қорытындылай келгенде, әл-Фараби – Абай дүниетанымы бір ғана халықтың шеңберіне сыймайды, ойшылдардың рухани мұрасы, пәлсапасы бүкіләлемдік мәдениетке қосылған алтын қор. Олардың асыл мұрасын төрткүл дүниеге барынша жан-жақты таныту, сол арқылы халқымыздың мәдениетін, ұлттық ерекшеліктері мен рухани жетістіктерін әлемге әйгілеу – біздің негізгі міндетіміз болуы қажет. Басты мақсатымыз – ұлылардың баға жетпес мәдени мұрасын, пәлсапа үндестігін кеңінен насихаттау, дәріптеу.

Библиография

- Есімов Ғ. (1994). 'Хакім Абай' кітабы. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 200 б.
Құнанбайұлы А. (2005). 'Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар'. – Алматы: Жазушы, 296 б.

Ғабитов, Т. & Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. (2002). 'Мәдениеттану' оқулығы. – Алматы: Раритет, 408 б.

Мырзахметұлы М. (2020). 'Абай дүниетанымының рухани нәр алған бұлақ көздері'. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына байланысты 'Абайдың философиялық мұрасы' атты онлайн форматта республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 266 бет.

Құнанбайұлы А. (2005). 'Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер'. – Алматы: Жазушы, 336 б.

Есімов Ғ. 2019. 'Ғұлама-Наме' трилогиясы'. – Астана: Академия Абай, 640 б.

'Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай аманаты» атты мақаласы'. 2020. [Электронды ресурсы]. URL <https://elbasy.kz/kk/news/2020-10/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-nursultan-nazarbaevtyyn-abay>



Үсенбекова А.Е.,

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының

аға оқытушысы Ae250160@mail.ru

АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ, АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ АРНАЙЫЛЫҒЫ

ҚР-дың Білім беру заңының 30-бабында: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» делінген тұжырымға сәйкес елімізде барлық жасөспірім жеткіншектер тегін орта білім алады. Одай кейін өмірге жолдама алып, мамандық таңдап, жоғары оқу орындарында оқуға ұмтылады. «Білімді мыңды жығады» деп халық даналығы айтқандай, білімді болу, оны терең білу әр азаматтың өзіне байланысты.

Еліміздің, тіпті Орта Азиядағы жетекші жоғары оқу орны – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ (www.kaznu.kz). Осы білім ордасында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында ЖОО-ға түсу үшін ҰБТ-ға даярлайды, соның бірі – биология ғылымы. Бұл кафедрада еліміздің азаматтары және ұлты қазақ шет ел азаматтары білім алады.

Пәндер бойынша білім беру ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен орта мектептерге арналған бағдарлама мен сәйкес оқулықтар бойынша жүргізіледі. Дайындық кафедрасының ашылғанына 35 жылдан асты. Осы кезеңге дейін қаншама жастар білім алып, мамандық иесі атанып жатыр. Ғылымда жаңалықтар ашылып алға жылжыған сайын мектеп оқулықтарының мазмұны да күрделеніп, өзгеріп, жаңа буын оқулықтары

жарық көрді. Биология 10-11 сыныптарда екі бағытта оқытылады, бірі – гуманитарлық бағытта, екіншісі – жаратылыстану бағытында. Жаратылыстану бағытындағы оқулықтар тақырыптары мен мәтіні соңғы ғылыми жаңалықтарды қамтып, терең де қиын жазылған. Сондықтан, 11 сынып оқушылары мен дайындық курсына оқып жатқан тыңдаушыларға жеңіл де түсінікті болсын деген ниетпен 11-ші сынып, биология-1 бөлім оқулығында берілген «Молекулалық биология және биохимия» бөліміндегі алғашқы тақырып – Антиденелердің құрылысы мен құрылымы, антиденелердің арнайылығы деген тақырып бұрын мектеп қабырғасында оқытылмағандықтан, тілі ауыр жазылғандықтан жеңіл, түсінікті тілмен сұрақ-жауап ретінде ұсынғым келді:

1. Антидене – қан плазмасының нәруызы.

2. Антиденеледі синтездейді – лимфоцитті ұлпаның плазма жасушалары.

3. Антиденелер қызметтері – антиген – байланыстырушы және эффекторлық;

4. Иммуноглобулиндер – антидене-ге тән қасиеті бар плазма нәруыздары.

5. Иммуноглобулин белгіленеді – Ig.

6. Антиденелер мына жағдайда пайда болады:

а) жұқтыру (табиғи иммундау);

ә) вакцинациялау (жасанды иммундау);



б) лимфа жүйесі бөгде жасушасымен, бөгде ұлпамен байланысқанда;

в) аутоантиденеге айналған өз жасушасымен байланысқанда;

7. Антиденелердің белгіленуі – LgY.

8. Антиденелер молекулалары құралады – аминқышқылдарынан.

9. Антиденелер молекуласындағы тізбектер байланысады – дисульфидті көпіршелер арқылы.

10. Негізгі иммуноглобулиндердің 5 класы – IgG, IgM, IgA, IgD, IgE

11. IgG иммуноглобулині:

а) плацента арқылы өте алады;

ә) қанда болады;

б) барлық антиденелердің 80%-ы;

в) молекулалық салмағы 160 000 г/моль;

г) иммунитеттің арнайы факторы ретінде маңызды;

д) аллергиялық реакциялардың пайда болуына ықпал етеді;

е) термотөзімді, 75°C-та 30 мин қыздыруға шыдайды;

12. IgM иммуноглобулині:

а) барлық антиденелердің 5 – 10%-ы;

ә) молекулалық салмағы 950 000 г/моль; б) функционалды 5 валентті;

в) жануарда вакцина салғаннан кейін алдымен пайда болады;

г) аллергиялық реакцияларға қатыспайды; д) плацентадан өте алмайды;

е) грам оң бактерияларға әсер етеді;

ж) фагоцитозды белсендіреді;

з) адамның А, В, О қан топтарының антиденелері жатады;

13. IgA иммуноглобулині:

а) екі түрі бар – плазмада және секретте;

ә) қан плазмасында молекулалық салмағы 170 000 г/моль

б) еріген антигендерді тұнбаға түсіретін қабілеті жоқ;

в) токсиндерді бейтараптау реакциясына қатысады;

г) термотөзімді;

д) синтезделеді – көкбауырда, лимфа түйіндерінде, шырышты қабатта;

е) сілекейге, көз жасына, бронх бөліндісіне, уыз сүтке түседі;

ж) бөліндіде SIgA полимер, құрылымдық қосымша компоненттері болады;

з) SigA-ның биологиялық қызметі-шырышты қабаттарды жергілікті қорғау

и) SigA-ның молекулалық салмағы 380000 г/моль.

14. IgD иммуноглобулині:

а) қан плазмасындағы концентрациясы 1%-дан артық емес;

ә) молекулалық салмағы 160000г/моль;

б) белсенділігін арттыру қажет ұлпалармен байланыспайды;

в) адам миеломалық ауруға шалдыққанда мөлшерінің артатыны байқалған.

15. IgE иммуноглобулині:

а) ұлпа жасушаларымен байланысқа түспейді;

ә) молекулалық салмағы 190 000г/моль;

б) температураға қарай өзгереді;

в) ұлпалық базофилдермен берік байланысады;

г) жылдам жүретін гиперсезімталдық реакциясына қатысады;

д) гельминтоз ауруларында қорғаныс ролін атқарады;

е) протозойлы ауруларда қорғаныс ролін атқарады;

ж) макрофагтар мен эозинофилдердің фагоцитарлық белсенділігін күшейтеді.

16. Антиденелердің бәрінде болады – антидене бетінің 2%-ын құрайтын 700А⁰ аймақ ауданы.

17. Белсенді орталық тұрады – 10-20 аминқышқылдарынан (тирозин, лизин, триптофан, т.б.).



18. Антиденелердің комплементарлығы – тек өзіне қарсы жасалған және кеңістіктегі құрылымы сәйкес келетін антигендермен өзара әрекеттесу.

19. Антидененің арнайылығы – олардың химиялық құрылымымен және антидетерминантаның кеңістіктегі құрылымымен байланысты.

20. Антиденелер синтезіне қатысты ең танымал гипотеза – Ф. Бернеттің клонды-селекциялық гипотезасы;

21. Антиген – антидене кешенін қалыптастыруға қатысады – иондық топтар арасында пайда болатын күштер.

22. Антигеннің 1 молекуласына сәйкес келеді – антиденелердің көптеген молекулалары.

23. Антиген мен антидене қосылуының бірінші кезеңі сипатталады – көзге көрінбейтін, антидененің антиген бетінде 37°C температурада бірнеше минут бойы жүретін абсорбциялануымен.

24. Антиген мен антидене қосылуының екінші кезеңі аяқталады – көзге көрінетін агглютинация, тұнбаға түсу немесе еру құбылысымен.

25. Антиденелер антигендермен әрекеттесу сипаты бойынша бөлінеді:

а) коагуляциялаушы (преципитиндер, агглютининдер): фагоцитозды оңайлатады;

ә) лизистейтін (комплемент байланыстырушы: бактериолизистер, цитолизистер, гемозизистер): антигеннің еруін туғызады;

б) бейтараптандыратын (антиоксиндер): антигеннің уытын қайтарады;

26. Антиген – антидене реакциясының оң әсері:

а) фагоцитозды оңайлатады;

ә) улы бактерияларды бейтараптайды

б) трепонема қоздырғышын, лептоспира бактерияларын, жануарлар жасушаларын ерітеді;

27. Антиген – антидене кешені туындатуы мүмкін:

а) қызбаның пайда болуын; ә) жасуша өткізгіштігінің бұзылуын;

б) уыттануды;

в) гемолиз;

г) анафилактикалық шок; д) есекжем;

е) бронх демікпесі;

ж) аутоиммундық ауытқу;

з) трансплантаттың қабылданбауы;

и) аллергиялық реакциялар.

28. Иммундық жүйеде жоқ – антиденелерді өндіретін және иммунитет реакциясын жүзеге асыратын дайын құрылымдар.

29. Антиденелер пайда болады – иммуногенез барысында.

30. Серологиялық әдісі негізделеді – антигендер мен антиденелердің арнайылығын өзара әрекеттесу реакциясына.

31. Серологиялық әдіс қолданылады:

а) науқас қанының плазмасында антиденелерді табуға негізделген жұқпалы және иммундық ауруларды диагностикалау;

ә) жұқпалы ауруларды биологиялық сұйықтықтарда немесе ұлпаларда патогенді микробтардың антигендерін табу;

б) жұқпалы ауруларды диагностикалаудың бактериологиялық әдісінде табылған белгісіз микробтарды серологиялық идентификациялау.

32. Серологиялық зерттеу әдісінің реакциялары – агглютинация, тұндыру, комплементті байланыстыру, иммунофлюоресценция, иммуноферменттік талдау, радиоиммунологиялық талдау.



33. Серологиялық әдісінің артықшылығы – жоғары арнайылығы, қарапайымдылығы, қауіпсіздігі, нәтижені алу жылдамдығы (10 мин-тан 4 сағ-қа дейін).

34. Серологиялық әдісінің кемшілігі – жедел жұқпалы ауруларда антиденелерді табу көбіне ретроспективтік диагноз болып кетеді, өйткені титрде ауру басталған соң 7-8-күні ғана пайда болады, бұл кезде ауру аяқталуы мүмкін.

35. Миелома – қан өндіретін ұлпалардың ісігі.

Оқулық мәтіні бойынша осы берілген сұрақ-жауап үлгісі талапкердің материалды жеңіл меңгеруіне мүмкіндік береді. ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында талапкерді ҰБТ-ға дайындағанда мейлінше түсінікті нұсқада білім береді және өз кезегінде біздің білім алушы талапкерлер ҰБТ-да өте жоғары көрсеткіштермен жыл сайын таңдаған мамандығына, таңдаған ЖОО-ға түсіп жатқаны хақ.



Қаңтарбаева Ж.У.,

*филос.ғ.к., дінтану және мәдениеттану
кафедрасының аға оқытушысы*

ДІНТАНУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Тәуелсіздік алып, өз алдына мемлекет ретінде қалыптасып жатқан Қазақстан—көпұлтты, көпконфессионалды жағдайды ескере отырып, өзін зайырлы мемлекет ретінде жариялады. Зайырлы мемлекет болғандықтан мемлекетімізде тұрып жатқан қандай да бір халыққа, азаматқа діни қысым көрсетілмейді және әр бір адам қай дінді ұстағысы келсе де өз еркінде. Әрине зайырлылық ұстанымы халықты бірлікте, теңдікте ұстап отыруына өз көмегін тигізеді. Бірақ осы еркіндік берілді екен деп, ел арасында жат дінге шақырушылар мен дәстүрлі емес діни қозғалыстарды ұйымдастырушылар саны артып келуде. Қазақстан Республикасы өз халқына діни еркіндік бергенімен, осындай жат діншілдердің ұйымдастыруымен халық тыныштығы бұзылып жатыр десек қателеспейміз. Әрине, елімізде соғыстар немесе діни көтерілістер болып жатқан жоқ, бірақ сонда да отбасы ішінде және қоғам арасында дәстүрлі емес дінді ұстанушылар алауыздық тудыратыны анық. Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, дінтану мамандығының студенттері онлайн форматта «Қазіргі қоғамдағы діннің рөлі» тақырыбында пікір сайыс алаңын өткізген еді. Осы тұста студенттер қазіргі кездегі діннің өте нәзік жағдайда екендігіне баса назар аудара отырып, өз ойларымен бөліскен еді. «Алдымен біз дәстүрлі діндер және дәстүрлі емес діндер ұғымын ажы-

рата білуіміз керек деп ойлаймын. Қазіргі таңда жалпы саны мыңға жуық конфессиялар мен діни бірлестіктер және он сегіз ресми тіркелген діни конфессиялар бар. Бұл ақпарат неге десеңіздер, дәл осы мыңға жуық діни конфессиялар мен діни бірлестіктердің жартысынан астамын дәстүрлі емес діни қозғалыстар құрайды. Негізінен дәстүрлі емес діни қозғалыстар бастауын Батыс қоғамынан алған және қазіргі таңда әлі де солай жалғасып келеді. Ал елімізге дәстүрлі емес діни қозғалыстар тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары келе бастады және қазіргі таңда сандары да аз емес болып отыр. Қазіргі таңда дәстүрлі емес діни ағымдар әлем бойынша тез таралып, оның ішінде дамыған елдерде кеңінен етек алуда. Бүгінгі күнде бұл дәстүрлі емес діни ағымдардың кең етек жайып, қазақ жастарын өз қатарларына тартуының себебі ретінде виртуалды кеңістікті айтса болады. Қоғам мүшелерінің көбісі интернет желісіне тәуелді болып отырған шақта дәстүрлі емес діни қозғалыстар өз ойларын іске асырып, миссионерлік жұмыстар жүргізіп адамдарды өздеріне тартуда. Дәстүрлі емес діни қозғалыстың барлығы деме-сек те, көп бөлігі қоғам арасына іріткі салуда және бейбітшілікті бұзуда десек қателеспейміз. Әрине дәстүрлі емес діни ағымдар мен қозғалыстарға адамдар өз еріктерімен барады, ол тек біздің ойымызша... Дәстүрлі емес діни



ағымға рухани жағынан көмек керек болған немесе материалдық көмек керек болған адамдар байқамастан кіріп кетіп, кейіннен сол ұйым үшін осындай қозғалыстарға барады. Оның бәрі қоғам арасында діни сауаттылықтың жетіспеушілігінде деп ойлаймын» – деген өзінің терең ойларымен болашақ дінтанушы мамандар бөліскен болатын. Осындай дінге қатысты өзекті мәселелер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дінтану және исламтану мамандығында оқитын студенттер арасында жиі талқыға түсіп отырады. Себебі бұл мамандықтың студенттері теологиялық бағытта емес, ғылыми-сараптамалық бағытта білім алып шығады. Кез келген діни жағдайға сырт көзбен сарапшы ретінде

қарай отырып, объективтік баға бере алады. Дінтану саласы бойынша магистратура, PhD докторантура деңгейлерін де игеріп, ғылыми-білімін шыңдауға мүмкіндігі де университет аясында қарастырылған. Дінтану мамандығының түлектері өздерінің алған білімдерін Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Ішкі Істер органдарында, әкімшіліктерде, Дін істер басқармасында, Ғылыми-зерттеу орталықтарда, Діни-сараптамалық орталықтарда, сондай-ақ колледждер мен мектептерде жүзеге асыра алады.

Мемлекеттің тыныштығын, конфессия-аралық тұтастық пен бірлігімізді нығайтуға өз үлесін қосатын дінтанушы маманның заманауи қоғамдағы қажеттілігі осында.



Ғалымқызы Г., Досмбек А.Ж.,

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебі,
«Менеджмент» кафедрасының оқытушылары

МЕНЕДЖМЕНТ – ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БИЗНЕС ӘЛЕМІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚ

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны. Бүгінгі таңда эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сіздерге алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы.

Соның ішінде, Экономика және бизнес жоғары мектебі – жыл сайын менеджмент, экономика, маркетинг, ло-

гистика, қаржы және аудит саласында бакалавр, магистр және PhD докторларын дайындайды.

Жоғарыда аталған факультеттің «Менеджмент» кафедрасында Менеджмент мамандығы оқытылады.

Менеджмент ғылым ретінде бізге Батыстан келді және әлі де белсенді дамып келеді. Қазіргі таңда әрбір кәсіпорында менеджерлер бар және оларсыз бірде-бір компания жұмыс жасай алмайды.



Менеджмент бұл қандай мамандық? «Менеджмент» сөзінің өзі ағылшынның “manage” сөзінен шыққан, яғни басқару дегенді білдіреді.

«Менеджер» сөзі ағылшын тілінен басқару деп аударылады, француз тілінен аударғанда басқарушы, неміс тілінен аударғанда ұйымдастырушы. Менеджердің міндеттеріне:

- ұйымның жұмысын талдау;
- компанияның жұмысын жақсарту бойынша іс-шараларды жоспарлау;
- әзірленген бағдарламаларды енгізу;
- олардың дұрыс орындалуын басқару және бақылау.

Барлық осы міндеттердің басты мақсаты – компанияның өнімділігін арттыру.

Яғни, менеджердің негізгі міндеті – оған сеніп тапсырылған адамдар мен компанияның басқа ресурстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін шешімдер қабылдау.

Көріп отырғандарыңыздай, Менеджер бұл әмбебаптылықты талап ететін, заманауи мамандық.

Кафедраның білім, ғылым, өндірістік және инновациялық потенциалы жоғары. Олардың барлығы дерлік заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы



жоғары квалификациялы білікті мамандарды даярлайды.

Он бір жыл білім алып, алтын ұядан түлеп ұшқан әр жастың арманы өмірден өз орнын тауып, белгілі бір маман иесі болу. Оқу жылы аяқталар сәтте бітіруші түлектер арасында үлкен таңдау мен талдау жүреді. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған қазіргі әр түлектің таудай мақсаты – жоғары оқу орнына түсіп, ата-анасының үмітін

ақтау. Олар үшін алда сынақ тұр. Ұлттық бірыңғай тестілеуден соң, арман жүгін арқалаған әр түлек өзіне қажетті оқу орнын таңдайды. Бітіруші түлектердің, талапкерлердің назарына еліміздегі ЖОО ішіндегі ең үздік Университет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды ұсынамыз. Сіздерді университетімізге шақырамыз! Мамандықтар туралы толық ақпаратты www.kaznu.kz сайтынан толығырақ біле аласыздар.



Дәусенов Д.Н.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебі

Қаржы, магистратура 2 курс

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент м.а. Жорабаева Ж.К.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БАҒЫТТАР

Еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыты – әлеуметтік-экономикалық даму, инновациялық жаңарту, сондай-ақ халықтың экономикалық белсенділігі мен қаржылық сауаттылығын арттыру.

Елдің экономикалық инфрақұрылымын дамыту үшін білім сапасын арттырудың маңызы зор[1].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі – 1949 жылы ашылған және Қазақстандағы жоғары білікті экономистерді даярлайтын ең алғашқы және кең ауқымды қамтитын орын.

ҚазҰУ прогрессивті білім беру әдістерін кеңінен қолдануда. Демек, оқу-әдістемелік базамен қамтамасыз ету, оқытуды түрлендіру, дәрістік-семинарлық жұмысты тікелей ұйымдастыру және бақылау, өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бақылау, оқу процесі сапасының аудиті сияқты іс-шаралар жүзеге асырылады. Бұдан басқа, оқу процесіне қажет электрондық оқу-әдістемелік әзірлемелер, аналитикалық материалдар, мерзімді баспасөз, презентация және кафедраның оқу-әдістемелік басылымдары жиі жарық көреді.

ҚазҰУ-де қаржы-экономикалық пәндерді оқытудың заманауи аспектілері оқу процесінің әртүрлі нысандарын қарастырады:

– біріншіден, оларға дәрісханалар жатады, яғни оқу курсының логикалық

құрылысын және негізгі ұғымдар мен тұжырымдамаларды зерттеуді қамтамасыз ететін сабақтар. Дәрістер студенттерді зерттелетін пәннің жаңа теорияларымен таныстыру, тікелей оқытушы мен студент арасындағы байланыс, ол өз кезегінде студенттерде туындаған сұраққа бірден жауап алу мүмкіндігін береді;

– екіншіден, экономикалық эксперименттер қолдану, оқытудың тиімді нысаны және студенттерді білім алу процесіне ынталандырушы болып табылады. Мысалы, «кейс-әдіс» қаржы-экономикалық пәндер бойынша практикалық сабақтарда жиі қолданылады. Бұл әдіс әдетте алдымен теориялық тұрғыдан қарастыруды қамтиды, гипотетикалық жағдайдың модельдері және мұғалім қойған сұрақтарға жауап іздеу, содан кейін нәтижелерді талдау, содан соң оның негізінде экономикалық процестер туралы қорытынды жасалады [2];

– үшіншіден, көркем әдебиет, кино және өнер қызығушылық тудырады (мысалы, Гете» Фауст»-та ақшаның рөлі, ақша саясаты және бартерлік сауда туралы айтылады. Шекспирдің «Венециандық көпес» туындысында тәуекел, әртараптандыру, келісім-шарттар мен меншік құқығын қабылдау мәселелері анықталды) [3].

Бүгінгі таңда ҚазҰУ Қазақстандағы ең ірі ғылым және білім беру ордасы болып табылады. Білім алудың



заманауи стандарттарына сәйкес қызметін атқаратын бұл оқу ордасының студенттері бәсекеге қабілетті, әрі еліміздің экономикалық инфрақұрылымын қалыптастыруда өз септіктерін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер

Лаврентьева Л.В., Яшкова Е.В., Якунина А.А. Современные тенденции преподавания финансово-экономических дисциплин, The State Counsellor, 2018.

Яшкова Е.В., Синева Н.Л. Кейс-метод как форма оценочного средства в процессе подготовки универсальных бакалавров в вузе // Проблемы современного педагогического образования. – 2017. – № 56-6. – С. 311-317.

Лаврентьева Л.В., Червова А.А. Профессионально-ориентированная методическая система обучения актуальной математике студентов экономических специальностей вуза: монография / Л.В. Лаврентьева, А.А. Червова; Федер. агентство по образованию, Волж. гос. инженер.-пед. акад. – Н. Новгород, 2004.



Искакова Р.А.,

к.х.н., и.о. доцента

Наренова С.М.,

к.т.н., и.о. доцента

КазНУ имени аль-Фараби

КАК ГОТОВИТЬСЯ К ЕНТ ПО ХИМИИ

Успешная сдача ЕНТ зависит от уровня теоретических знаний учащихся за курс средней школы и умения их применения в нестандартных ситуациях.

Изучение химии при подготовке к Единому национальному тестированию должно проходить на достаточно высоком уровне, так как поверхностный подход затрудняет ее усвоение. Вместе с тем нельзя забывать и такой факт, что некоторые темы, которые представлены в тестовых вопросах, рассматриваются в рамках школьной программы не полностью или слабо.

Подготовку к ЕНТ в основном обучающиеся начинают за год, в лучшем случае за два года до проведения экзамена.

Самой главной ошибкой многих преподавателей, родителей и самих учащихся является мнение, что подготовка к ЕНТ должна быть сведена лишь к работе над тестовыми вопросами и заданиями. Такая точка зрения крайне неправильная. В этом случае абитуриент не получит достаточных знаний теоретического материала и это не позволит ему дать правильный ответ при любой формулировке тестов, т.к. на экзамене будут вопросы и задания, отличные от тех, которые он просто выучил. А если даже каким-то чудом он наберет высокие баллы и будет зачислен в соответствующий вуз, то при последующем обучении он столкнется с большими трудностями при изучении дисциплин,

для которых школьный курс химии является пререквизитом.

Поэтому подготовку выпускников к экзаменационным процессам надо проводить качественно. Она должна состоять не из отдельных, а из комплекса последовательных и взаимосвязанных мероприятий, включающих психологическую, информационную, внеурочную подготовку и, конечно, работу на уроках.

Начальный этап подготовки к экзамену должен заключаться в повторении школьного обязательного материала в соответствии со структурой и программой курса школьной химии. Повторение или изучение (при отсутствии или слабом знании) каждого раздела должен завершаться тематическим тестированием [1].

Каждый учащийся, в первую очередь, должен знать основные понятия и законы химии, осмыслить их, выполнив ряд заданий для лучшего закрепления. Это будет способствовать запоминанию большого объема теоретического материала. Если ученик понимает законы химии, ему будет несложно предсказать и охарактеризовать свойства неизвестных для него веществ.

Необходимо обратить особое внимание на эти темы: основные классы неорганических веществ; окислительно-восстановительные реакции, электрохимические процессы, электролиз; реакции в растворах электролитов, ги-



дроллиз; химическая кинетика и химическое равновесие.

В настоящее время у большого количества школьников слабые знания по органической химии. Причина этого может заключаться в том, что часть материала этого раздела изучается в 9 классе, а знания углубляются в 10 классе. Поэтому подготовку по органической химии надо начинать с изучения самых первых тем.

Решение тестовых заданий по типу «цепочки превращений» играет немаловажную роль, т.к. они часто встречаются во время экзамена. Поэтому в период подготовки к ЕНТ нужно обратить особое внимание к такому типу задач и упражнений. «Цепочки превращений» уникальны тем, что позволяют изучить и закрепить за короткий срок достаточно большое количество химических реакций, в том числе и таких, которые являются специфическими для определенного вещества или класса [2].

Полезные советы при подготовке к ЕНТ

Совет 1. Освойте химический язык

Формулы и названия химических соединений составляются по универсальным правилам. Каждый суффикс или приставка соответствует определенному виду формулы.

Понимая химический язык, уже по названию вещества можно установить

его класс и охарактеризовать его физические и химические свойства.

Совет 2. Научитесь работать с тремя главными таблицами

Во время экзамена по химии решается применение трех справочных таблиц: периодическая система Д.И. Менделеева, таблица растворимости и электрохимический ряд напряжений металлов (ряд активности металлов). При умелом использовании этих таблиц можно получить 70% информации, необходимой при выполнении экзаменационных заданий.

Совет 3. Обратись к математике

Решение расчетных задач может быть связано с определенными формулами. Зачастую ученики сталкиваются с такими проблемами, как вывод формулы, соответствующей формулировке задания, а также с расчетами, связанными с определенными математическими функциями. Для решения этих проблем нужно заняться математикой.

Совет 4. Не стесняйтесь спрашивать

Если ученик не может усвоить материал при объяснении, заучивать или конспектировать его не надо. В этом случае надо спрашивать у преподавателя, у своих сверстников, хорошо знающих предмет, находить ответы в книгах, в интернете.

Совет 5. Повторенье – мать ученья.

Ежедневно для лучшего закрепления знаний надо в течение 20-30 минут повторять теоретический материал.

Список литературы

Аванесов В.С. Научные основы тестового контроля знаний // Исследовательский центр. – М., 1994. – С. 234-245.

Сукнева Л.Е. Методические рекомендации для подготовки к ЕГЭ по химии // Научно-методический журнал «Концепт». – 2016. – Т.19. – С. 324-331.



Мадалиева З.Б.,

*профессор, кафедра общей и прикладной психологии
КазНУ им. аль-Фараби*

Қасен Г.А.,

доцент, кафедра общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби

КУДА ПОЙТИ УЧИТЬСЯ НА ПСИХОЛОГА, или КАК СТАТЬ «ЛЕКАРЕМ ДУШИ»?

Каждый человек в своей жизни сталкивается с какими-либо сложностями. Только сложности эти бывают разной степени «тяжести». И когда эта тяжесть переваливает за пределы (казалось бы) сил, когда человек сам не в состоянии «вырулить» из ситуации, он понимает, что ему необходима помощь. И на этом этапе могут возникнуть вопросы:

«А где же, и как найти эту помощь? Где же ты, лекарь моей души?»

В последние годы услуги психологов становятся все более востребованными. Люди, наконец, поняли, что со многими проблемами нельзя бороться в одиночку и осознали необходимость обращения к специалистам.

Психолог, если говорить более простыми словами – это специалист, изучающий проявления, способы и формы организации явлений психики человека в разных областях его деятельности. Вопреки распространенному мнению, это не врач, не путайте специалистов в рассматриваемой нами сфере с психиатрами.

Этих специалистов разделяют на теоретиков (исследователей) и практиков. Психологи-теоретики – это ученые, которые изучают определенные закономерности психологических механизмов человека, проводят исследования, выдвигают гипотезы и определяют законо-

мерности. Практики занимаются прикладной наукой – применяют знания в определенной сфере деятельности, часто с целью организации психологической помощи. Среди практиков выделяют клинических, детских, спортивных, педагогических, общих психологов и специалистов в других областях.

Кафедра общей и прикладной психологии КазНУ имени аль-Фараби на протяжении вот уже многих лет осуществляет трехуровневую подготовку бакалавриата-магистратура-докторантура по направлению «Психология». При этом программы подготовки настолько уникальны, что могут позволить обучающимся найти профессию по вкусу и интересам.

Направление «Психология» представляет собой широкий спектр таких специализаций и квалификаций, что для неосведомленного читателя тут понадобится целый экскурс в предлагаемые образовательные программы.

Кафедра для выпускников школ предлагает образовательную программу бакалавриата «6В03107-Психология», имеющую широкую профильную направленность профессий:

- практический психолог на предприятиях и в банковских структурах
- психолог в медицинских учреждениях
- практический психолог в военных структурах



– психолог в общеобразовательных структурах (школы, гимназии, лицеи, колледжи)

– преподавание психологии как общеобразовательной дисциплины в средних учебных заведениях

– организационно-управленческая деятельность в организациях (как сотрудник HR- подразделений, рекрутинговых агентств, консалтинговых агентств, специализирующихся на работе с человеческими ресурсами)

– психолог-консультант или психолог-тренер в психологических и образовательных центрах

– профессиональная деятельность в экспертных, государственных организациях, занимающихся анализом человеческой деятельности в различных отраслях жизнедеятельности (например, работа экспертом в судебно-медицинских или военных экспертных организациях).

В магистратуре по различным образовательным программам ведется подготовка для работы в сферах образования, науки, бизнеса, здравоохранения, индустрии, услуг, государственной службы, а также для военных и силовых структур, специализированных служб.

Вот названия предлагаемых образовательных программ магистратуры:

Психология (научно-педагогическая) – двухгодичная.

Детская психология (научно-педагогическая) – двухгодичная.

Клиническая психология (научно-педагогическая) – двухгодичная.

Психология и социологии религии (научно-педагогическая) – двухгодичная.

Личность и организационная психология (на английском языке) – двухгодичная.

Психология в здравоохранении (профильная) – одногодичная.

Психология экстремальных и чрезвычайных ситуаций (профильная) – одногодичная

Спортивная психология (двух дипломная, профильная) – одногодичная.

Узнать подробнее про вышеуказанные программы бакалавриата и магистратуры вы сможете на сайте факультета философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби или на сайтах: https://www.kaznu.kz/ru/education_programs/bachelor; https://www.kaznu.kz/ru/education_programs/magistracy.

Для реализации всех этих программ на факультете Философии и политологии имеются Научно-исследовательский центр «CogNeuro», Центр психологических технологий и инноваций, Лаборатория психофизиологических исследований (на основе полиграфа), кабинет психологического консультирования.

Кафедра общей и прикладной психологии предлагает своим обучающимся базы практик, позволяющие сформировать способность оказывать образовательные услуги соответствующего уровня в различных сферах общественной жизни:

Республиканская психолого-медико-педагогическая консультация (ПМПК) при Национальном научно-практическом центре коррекционной педагогики

Республиканский научно-практический центр психического здоровья

Профессиональная Лига психологов и специалистов помогающих профессий.

Казахское психологическое общество
Общественный Фонд «Жанды Нур»

Институт семьи Казахстана и Центральной Азии



Центр психолого-социальной помощи при Казахском научно-исследовательском институте онкологии и радиологии

Центр развития личности «Перспектива» и другие.

Кроме этого, кафедра работает в тесном сотрудничестве с различными практико-ориентированными организациями и сообществами: с Алматинской Ассоциацией Транзактного Анализа; Центром академической и практической психологии, который осуществляет подготовку психологов-консультантов в области символдрамы и др. Результаты сотрудничества отражаются на совместных проведениях конференций, семинаров и мастер-классов, привлечении специалистов данных организаций к преподаванию в магистратуре и на бакалавриате.

Имеется широкая возможность приглашения зарубежных ученых для чтения лекций и проведения мастер-классов. В направлении развития академической мобильности обучающиеся проходят научные стажировки в зарубежных вузах и центрах в рамках своей профессиональной направленности.

Главное, что следует помнить выпускникам, выбирающим профессию психолога, – простого интереса к чтению книг по психологии будет недостаточно.

Психология – одна из тех сфер, где очень важны личные качества:

– Эмоциональный интеллект – способность понимать чувства других людей и правильно интерпретировать их действия, подбирать «ключ» к любому человеку и умение располагать к себе.

– Общительность: психолог обязан быть открытым и коммуникабельным человеком. Вам придется очень много общаться с людьми вне зависимости от

настроения. Если вы испытываете неловкость, беседуя с незнакомцами, не любите долгих разговоров и новых знакомств, лучше поискать себя в другой сфере.

– Тактичность и умение хранить секреты: правило «врачебной тайны» действует и здесь – психолог ни при каких обстоятельствах не должен выносить на публику подробности своей работы с конкретными людьми. Он также не должен осуждать своих клиентов, сравнивать их с другими, или каким-либо другим образом проявлять бестактность. Помните, что вам придется часто иметь дело с людьми в кризисных ситуациях, а в подобные моменты мы все очень уязвимы.

– Стрессоустойчивость: несмотря на то, что психолог должен быть внимателен к переживаниям других, он должен уметь одновременно абстрагироваться от чужих бед.

– Творческое начало и гибкость: никогда не работать по шаблону, и поэтому уметь сочетать различные методики и адаптировать их под каждого клиента.

– Непредвзятость: психолог не должен позволять личным убеждениям влиять на работу и на отношение к клиентам. Ведь ваша задача – не перетянуть человека на свою точку зрения, а помочь ему разобраться с его проблемой.

– Стремление и готовность к обучению: работа психолога очень интересна и предполагает постоянное саморазвитие и движение вперед.

– Высокий уровень ответственности: от его действий может в значительной мере зависеть благополучие и душевное состояние других людей.

Только при наличии этих качеств, пусть они даже будут в зачаточном состоянии, имеет смысл думать о получении профессии психолога.

Досжанов Е.О.,

*PhD докторы, Тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО
кафедрасының профессор м.а.*

Досжанов О.М.,

*Жылу физикасы және техникалық физика
кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.*

Исмагулова Л.,

*Тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО
кафедрасының 1 курс магистранты*

Бектібай Ж.,

Абай атындағы РММИ-дің 11 сынып оқушысы

МОДА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

Киім өндірісі қоршаған ортаның ластануына үлкен үлес қосады. Пестицидтер мен химиялық заттардан бастап, синтетика өндірісінде зиянды газдардың шығуына дейін әсер етеді. Әлемдік проблемаларды талқылайтын «Дүниежүзілік экономикалық форум» үкіметтік емес ұйымы киім өндірісі қоршаған ортаға қалай зиян тигізетіні туралы бірнеше фактілерді келтіреді.

Сән индустриясы әлемдегі суды тұтыну бойынша екінші орынды алады. Жалпы оған судың барлық әлемдік өнеркәсіптік ластануының 20%-на дейін келеді. Жыл сайын киімді жуған кезде мұхитқа 500 мың тонна микроталшық түседі, ал бұл 50 миллиард пластикалық бөтелкеге тең.

Алайда, сән индустриясының қоршаған ортаға тигізетін кері әсері киім

сауда дүкенінде әдемі ілініп, сатып алынып, содан кейін тұтынушы үйде орауыштан шығарылғаннан кейін аяқталмайды. Бұл киімді пайдаланумен жалғасады, өйткені тұтынушы киімдерін жуады, кептіреді, үтіктейді және тазартады, содан кейін оны қайта пайдаланудың немесе қайта өңдеудің орнына полигонға тастайды.

«Sustainability» сөзі – 2019 жылы ең маңызды сөздердің бірі болды. Бұл тұжырымдаманы «тұрақты даму» деп аударуға болады – бұл қоршаған ортаға аз зиян келтіру үшін қабылданатын шаралар жиынтығын білдіреді. Бұл тұжырымдамада этикалық мәселелер де бар: әділ жалақы, әлеуметтік қорғалмаған топтарды қолдау және тағы басқалар. Бірақ, ең алдымен, «тұрақты даму» деген сөз өнеркәсіптің экологияға әсерін білдіреді.



1-сурет – Киім өндірісінің қоршаған ортаға әсері



Тоқыма қалдықтарының пайда болу проблемаларын тереңірек қарастырсақ:

Қытайда тоқыма қалдықтарының жалпы жылдық өндірісі 26 миллион тоннадан асады деп бағаланады. Пайдаланылған киімдерді қайта өңдеу нарығы үлкен әлеуетке ие; максималды табыс 60 миллиард юаньға жетуі мүмкін (Қытай ресурстарды кешенді пайдалану қауымдастығының мәліметтері бойынша, 2013 ж.).

Ұлыбританияда полигонға шамамен 350 000 тонна пайдаланылған киім жіберіледі, оның құны 140 миллион фунт стерлингке бағаланады (Wrap Valuing Our Clothes, 2012). Жақсы жаңалық бірі тоқыма қалдықтарын азайту мәселесі бүкіл әлемдегі үкіметтің, жеке сектордың, үкіметтік емес ұйымдардың және сән дизайнерлерінің назарында.

Сарапшылардың пікірінше, әлемдік тоқыма өнеркәсібі жылына 378 миллиард литр суды пайдаланады (Клэй Дж. «Әлемдік ауыл шаруашылығы және қоршаған орта: практикаға енгізуге арналған тауарлар жөніндегі гид», 2004 ж.).

Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша тоқыма бұйымдарын бояу және өңдеу өнеркәсіптік сулардың жалпы ластануының 17-20 пайызын құрайды (Дүниежүзілік банк, 2011 ж.).

Сән және тоқыма өнеркәсібі әлемдегі негізгі энергия тұтынушыларының бірі болып табылады және тоқыма фабрикаларында отын тұтыну зауыттар пайдаланатын судың мөлшеріне тікелей пропорционалды (Үнді мата және талшықты зерттеу журналы, 37 том, 2012 ж. маусым)

Талшықты өндіру үшін жыл сайын пайдаланылатын табиғи ресурстар шамамен 132 миллион тонна көмір мен 6-дан 9 триллион литрге дейін

суды қажет етеді (Рупп, Юрг, Тоқыма декорациясындағы Экология және экономика, Тоқыма әлемі, қараша/желтоқсан, 2008 ж.).

Мақта тоқыма өнеркәсібінде қолданылатын барлық табиғи талшықтардың 82,5 пайызын құрайды. (EST/FAO және ICAC, 2010)

Синтетикалық талшықтар әлемдік сұраныстың 60 пайызын құрайды. Бұл талшықтар мұнайдан өндіріледі – жаңартылмайтын табиғи ресурс (талшықты тұтынуды әлемдік тұтынушылық зерттеу, 2013 ж.).

Жыл сайын 1 триллион киловатт-сағатты әлемдік тоқыма өнеркәсібі пайдаланады, бұл көміртектің қоршаған ортаға жалпы әсерінің 10 пайызын құрайды (2010 жылғы тоқыма биржасындағы экологиялық таза тоқыма нарығының жағдайы туралы есеп)

Тоқыма бояу процесі өте ысырапты: 1 кг бояу үшін тоқыма 70-тен 150 литрге дейін суды қажет етуі мүмкін (Чакраборти соавт., 2005; Babu et al, 2007)

Сән және тоқыма өнеркәсібі өнімнің өмірлік циклінің әртүрлі кезеңдерінде химиялық заттардың кең спектрін қолданады және шығарады, бұл ұтымды тазарту құралдарының болмауына байланысты қауіпті және де біздің өмір сүру ортамызға да айтарлықтай қауіп төндіреді. Тоқыма өндірісі парниктік газдардың жоғары шығарындылары, ауа, тұщы судың ластануына байланысты қоршаған ортаны ластанудың негізгі көзі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы жаһандық сән жабдықтау тізбектерінде киім мен тоқыма бұйымдарының кеңінен тасымалдануы ластанудың артуына әкеледі.

Алайда, жақсы жаңалық, тұтынушылар химиялық ластанудың әсерін

— өз денсаулығына да, планетаның денсаулығына да әсер ететінін біледі және химияны қолдануда экологиялық таза көзқарасты қажет етеді. Сән дизайнері химиялық заттарды қолдану туралы ойлануы керек.

Экологиялық таза маталарды үш шартты топқа бөлуге болады:

- органикалық егіншілік әдістерімен өсірілген табиғи шикізаттан жасалған

органикалық маталар: мақта, зығыр, жүн, кашемир, жібек;

— оңай жаңартылатын дақылдардан жасалған маталар: қарасора, бамбук, қалақай, жүгері, банан, джут, соя, балдырлар;

— қайта өңделген шикізаттан жасалған маталар: қайта өңделген пластикалық бөтелкелерден жасалған полиэстер.

Қоршаған ортаның ластануын азайту үшін не істей аламыз?



2-сурет – Адам және қоршаған орта

Бұл проблемалардың кейбіреулері үлкен мәселе ретінде көрінуі мүмкін, бірақ көңіліңіз түспесің. Бірақ бұл оң нәтиже беру үшін дизайнның қалай жасалынғанын, ресурстардың қалай өндірілетінін, өндіріс жұмыс істейтінін, тұтынылатын және таратылатын киімді қайта қарастыру өте маңызды.

Барлығы сән дизайнерлерінің қолында, өйткені оларда саланы өзгерте алатын күшті құрал бар. Дизайнерлер әр жасалған модель үшін шабыт көзі бо-

лып табылады және өнімнің этикалық және экологиялық таза болуы, сайып келгенде, өздеріне байланысты. Зерттеушілер дизайнерлердің өнімнің экологиялық және экономикалық шығындарына әсері 80-90 пайызды құрайтынын анықтады. Бұл жақсы жаңалық, өйткені біз сән индустриясына материалды іздеу және таңдау, дизайнның әртүрлі әдістерін қолдану және өндіріс орнын таңдау арқылы оң әсер ете аламыз.



Кыздарбекова А.С.,

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, экономика ғылымдарының магистрі

ТАЛДАУШЫ – БИЗНЕС ШЕШІМДЕРІНЕ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН АДАМ

Талдау [грек. ‘ανάλυσις-ыдырау] – бүтінді құрамдас бөліктерге бөлуден тұратын ғылыми зерттеу әдісі [1].

Аналитикалық жұмысты жүргізетін маман-талдаушы.

Талдаушы (немесе деректер талдаушысы) – бұл деректерді жинайтын, өңдейтін, зерттейтін және түсіндіретін маман. Оның жұмысы бизнесте, басқаруда және ғылымда шешім қабылдауға көмектесу. Әдетте мұндай мамандар data-driven тәсілін қолданатын компанияларда жұмыс істейді. Шешім қабылдау кезінде деректерге және оларды талдауға назар аударады [2].

«Аналитика» сөзі ежелгі грек *αναλυτική* сөзінен шыққан, талдау өнерін білдіреді. Бұл таным процесін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында тұтас құрамдас бөліктерге бөлу ретінде қарастыратын логиканың кең тұжырымдамасының бөлігі. Алғашқы талдаушыларға сол кездегі әйгілі философтар Платон мен Аристотель. Дегенмен барлық елдерде көптеген адамдарға қол жетімді емес ақпарат пен білімге ие және оларды дұрыс түсіндіруге және түсінуге қабілетті адамдар болды. Мұндай адамдар, шын мәнінде, талдаушылар болды, олар биліктегі тұлғалармен жоғары бағаланды, өйткені олар теңдестірілген және ұтымды шешімдер қабылдауға көмектесті.

Аналитик мамандығы XX ғасырдың ортасында екінші дүниежүзілік соғыстың соңында, әртүрлі сипаттағы ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс

істеу қажеттілігі туындаған кезде пайда болды. Компьютерлік технологияны енгізу ақпараттың көп бөлігін сандық түрге көшіруге әкелді, ал интернеттің дамуы үлкен қоғамдық және үнемі жаңартылып отыратын мәліметтер базасының қалыптасуына ықпал етті.

Кез келген қызмет саласына қатысты талдаушы – бұл жоғары білікті қызметкер, оның қолынан компанияның (ұйымның) жұмысы немесе оның жұмыс істеуіне тікелей немесе жанама қатысы бар ақпарат бойынша әртүрлі жолдармен алынған ақпараттың бүкіл ауқымы өтеді. Деректер ашық көздерден (баспасөз, статистика, есептер), бизнес-барлаудан немесе инсайдерлік хабарламалардан алынуы мүмкін. Белгілі бір талдау әдістерін қолдана отырып, маман әр түрлі даму алгоритмдерін есептейді және басшылыққа ең тиімді нұсқаны ұсынады. Енді әр түрлі салалардағы аналитиктер туралы аздап тоқталып кетсек.

Бизнес талдаушы. Ұйымның максималды тиімділігіне қол жеткізу үшін компанияның ішкі құрылымын, сондай-ақ оның сыртқы тұтынушыларымен барлық іскерлік байланыстарын зерттейді. Ол фирманың әлсіз жақтары мен проблемаларын табады, кірісті ұлғайту және шығындарды азайту үшін, оларды жою жолдарын ұсынады. Оңтайландыру бағыттары қызметкерлердің жұмысына, өндірісті автоматтандыру қажеттілігіне, жаңа нарықтарды іздеуге немесе өнім түрлерін кеңейтуге қатысты болуы



мүмкін. Мамандық көбінесе өнім шығаруға немесе саудаға бағытталған компанияларда қажет.

Қаржы талдаушысы. Оның міндеті – әлемдік нарықтың даму тенденцияларын бақылау, тұтастай алғанда ұйымның және оның жеке бөлімшелерінің қаржылық көрсеткіштерін зерттеу, инвестициялар туралы кеңес беру, ұсыныстар дайындау, сонымен қатар қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдар. Бұл мамандық банк саласында, инвестициялық және қаржы ұйымдарында, қор биржаларында, экономиканы реттейтін мемлекеттік құрылымдарда сұранысқа ие.

Биржалық талдаушы. Бұл тар кәсіпқой, оның функциялары тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша бір немесе бірнеше сауда алаңдарында болып жатқан процестерді бақылау және акцияларды, облигацияларды, валютаны және басқа да құнды активтерді уақтылы сатып алу/сату туралы кеңестер беру болып табылады.

Компьютерлік технологиялар талдаушысы. Мұндай IT-мамандар жаңа компьютерлік бағдарламаларды, утилиталар мен қосымшаларды әзірлеу, тестілеу және жетілдірумен айналы-

сады. Сонымен қатар, олар клиенттерге осы мәселелер бойынша кеңес береді. Бұл мамандықтың ақпараттық қауіпсіздік талдаушысының жұмысымен көп ұқсастығы бар.

Аналитик болу үшін қандай мамандықтарда оқыған дұрыс. Болашақ қызметтің бағытына байланысты талдаушы тиісті жоғары білім алуы керек. Көбінесе бұл экономика, қаржы, компьютерлік технологиялар, математика, статистика туралы. Нақты мамандықтар әр түрлі болуы мүмкін, ең бастысы, студенттің пән бойынша негізгі білімінен басқа, оларды талдауға арналған негізгі құралдармен қаруландыру, сонымен қатар деректерді өңдеудің интеллектуалды жүйелерімен жұмыс істеуді үйрету [3].

Тиімді жұмыс істеу үшін бизнес-құрылымдар мен мемлекеттік органдар келіп түсетін мәліметтерді өңдеп, оларды талдап, түсіндіріп, дұрыс ойластырылған басқарушылық шешімдер қабылдауы қажет. Осыған сүйене отырып, сондай-ақ ірі рекрутингтік агенттіктер сарапшыларының пікіріне сүйене отырып, аналитиктің жұмысы алдағы онжылдықта сұранысқа ие болады деп қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. – 4-е изд., стер. – М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999;

Чем занимаются аналитики данных и как начать работать в этой области? [Электрондық ресурсы] // URL: <https://academy.yandex.ru/posts/chem-zanimayutsya-analitiki-dannykh-i-kak-nachat-rabotat-v-etoy-oblasti>

Аналитик – это специалист по обработке данных [Электрондық ресурсы] // URL: <https://edunews.ru/professii/obzor/drugie/analitik.html>



Төсек тартып жатқан төреші өлер алдында патшаны шақырып:
– Мен енді өлейін деп жатырмын. Төрешілікті саған тастап кетіп барамын.

– Мен қалайша дауларды шеше аламын?

– Еш уайымдама. Егер алдыңа ақылды адам мен тентек келсе, әуелі ақылдыны тыңда, сосын шешімін соған қарап бер. Егер екі тентек келсе, мәселесін сот төрағалары-ақ шешіп тастайды.

– Жарайды. Егер екі ақылды келсе ше?

– Өй, болмайтын әңгіме ғой. Қырық жылдан бері төреші болып, екі ақылдының келгенін көрмеппін.

Бір студент емтихан тапсырып жатыр.

Мұғалім:

– Екі жыртқыш аңды айт, – депті.

Студент:

– Арыстан, жолбарыс.

Мұғалім:

– Енді 5 жыртқыш аңды айт.

Студент:

– 2 арыстан, 3 жолбарыс....

Мұғалім:

– Табиғаттың негізгі төрт элементін ата! – деді.

Оқушы:

– Жер, ауа, от...

– Енді біреуі қандай? Білмейсің бе? Тамақтың алдында қолыңды немен жуасың?

Оқушы:

– Таптым, сабынмен!



Көзілдірік тағу арқылы оқу оңай болады деп естіген бір кісі көзілдірік сататын жерге келеді. Сатушысының берген әр көзілдірікті тағып көріп: «Жоқ...», «Бұл да болмады...» деп, алдындағы газетке қарап басын шайқап тұрады. Шаршап шыдамы таусылған сатушы: «Сіз өзі әріп танитын бе едіңіз, оқи аласыз ба?» дейді. Сонда әлгі кісі сатушыға таңдана қарап: «Оқи алатын болсам көзілдірікті қайтем» деген екен.

Қожекең бірде бояу шеберханасын ашады.

Шеберханаға келіп-кетіп жатқандардың бірі Қожекеңді мұқатпақ болып:

– Қожеке, мына бір затты ешкім естімеген, ешкім көрмеген, яғни, қара да емес, ақ та емес, көк те емес, қызыл да емес, сары да емес, жасыл да емес, қоңыр да емес, сұр да емес, бір түске бояп берші, – дейді

Қожанасыр оның кекесінін түсіне қояды:

– Жарайды, айтқаның болсын, тастап кет.

– Қашан келейін? – дейді анау, қулығын асырдым деп мәз болып.

– Қашан келсең де өз еркің. Бірақ сен келетін күн дүйсенбі де, сейсенбі де, сәрсенбі де, бейсенбі де, жұма да, сенбі де, жексенбі де болмасын, – дейді сонда Қожанасыр.